

**АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

**БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

Астана – 2017

МАЗМҰНЫ

Түсіндіру жұмысын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдар	4
Үлгілік сөз сөйлеу құрылымы	8
Негізгі тезистер	10
Қоғамдық сананы оның алдын орай жаңғырту	10
Жаңғырту деген не?	11
Дүниетанымдық-идеологиялық негіздеме	14
Мемлекет пен ұлт – статикалық құрылым емес	17
Ақпараттық-анықтамалық материалдар.	
Таяу жылдарда қаралатын мәселелер	20
Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуі	20
Қазақ жазуының даму тарихы	20
Кезең-кезеңмен көшу және ойластырылған тәсіл – маңызды талаптар	23
Не үшін латын қарпі таңдалды?	26
Мәселені саясиландыру – орынсыз	29
«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы	32

Гуманитарлық білімді жаңарту – қоғамдық сананы жаңғырту негізі ретінде	32
Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері	34
Оқулық және ғылыми әдебиеттерді аударудың халықаралық, қазақстандық тәжірибесі.....	36
Ұлттық аударма бюросы – жобаны жүзеге асырудағы орталық буын.....	37
«Туған жер» патриоттық бағдарламасы.....	39
«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы	42
«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы	45
«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы	48
Әңгіме не туралы?	48
Табыс тарихы (жеке мысалдар)	50

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі түсініктері мен ұғымдары	54
--	-----------

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

Халықты Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі ережелері туралы уақтылы әрі кешенді хабардар ету мақсатында халықпен түсіндіру жұмысын жүргізген кезде мынадай маңызды сәттерге көңіл аударған жөн:

✓ аудиторияны белгіленген қоғамдық сананы жаңғыртудың Қазақстанның жаңғыру процестерінің, атап айтқанда, саяси реформалау мен экономиканы жаңғыртудың қисынды жалғасы екеніне бағдарлау қажет. Бұл ретте мәлімделген жаңғыртушылық түрленулердің айқын мақсаттары, басымдықтары, қол жеткізу әдістері бар.

✓ Қоғамдық сананы жаңғырту ұзақ мерзімді сипатқа ие және Қазақстанның мәдени және рухани мұрасын сақтау және ілгерілету саласында іске асырылған «Мәдени мұра» («Культурное наследие», 2004) және «Халық тарих толқынында» («Народ в потоке истории», 2013) ірі бағдарламаларына негізделген.

✓ Қазіргі заманғы социумда қоғамдық сананы жаңғыртуға сұранымы ортақ әлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтың қазіргі заманның қарқынды

өзгермелі шарттарына сәтті бейімделу қажеттілігіне тікелей байланысты.

✓ Қазақстан азаматтарының қоғамдық санасының мазмұны олардың мүдделерімен, құндылықтарымен және перспективаларымен тығыз астасады және өзіне мәдениетті, мінез-құлық практикасын, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, ғылымды, адамгершілік императивтерін қамтитын рухани негізге сүйенеді.

✓ ХХІ ғасырдағы ұлттық өзіндік сананы жаңғыртудың маңызды бағыты жеке деңгейде де, қоғамдық деңгейде де бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму және сананың ашықтығы болып табылады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысының маңыздылығын ескере отырып, негізгі назарды мына сәттерге аударған жөн:

✓ Мақсатты аудитория алдында сөз сөйлей отырып, қоғамдық сананы жаңғырту нақ қазір ерекше маңызға және өзектілікке ие болып отырғанын атап өту маңызды, өйткені қазіргі әлем барған сайын өзгере түсуде. Жаһандану процестері стандартты емес, күтпеген сын-қатерлерді қалыптастыруда, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалану өмірдің ритмі мен стилін өзгертеді, ұлттық дәстүрлер заманауи эле-

менттермен толығады. Бұл мағынасында мықты әрі жауапты адамдардың Біртұтас Ұлтын қалыптастыру Қазақстан табысының маңызды шарты болып табылады.

✓ Қазақстандық социумда қоғамдық сананы «тапсырыс бойынша» жаңартуды іске асыру мүмкін емес деген шүбәлі стереотиптің бар екенін ескерсек, түсіндіру жұмысында әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың қажеттігіне, еліміздің әрбір тұрғынының өз өмірлік стратегияларын жалпы елдің прогресі үшін бейімдеуге дайындығына екпін берген жөн.

✓ Президент мақаласының негізгі векторларын халыққа түсіндіре отырып, сөйлейтін сөзді дәйекті тезистермен және нақты фактілермен, ұсынылып отырған «Әр тілден әлемнің 100 үздік оқулығы», «Туған жер» және одан әрі «Туған елге» ұласады, «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа тұлға» бағдарламалары бойынша бастамалармен күшейту маңызды.

✓ Халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу кезінде барлық ұсынылып отырған бастамалар мен жобалар, сондай-ақ олардың мазмұндық толтырылуы жария, соның ішінде заманауи диалог форматтарын – каскадты пікірсайыстарды, дебаттарды, әлеуметтік-лингвистикалық сарап-

тамаларды және т.б. пайдалана отырып талқыланатынына екпін берген жөн.

✓ Этноұлттық құрмет көрсетушілікті айыптаулардың таралуына жол бермеу мақсатында ұлттың мәдени кодына, тарихи фактілерге, латын қарпіне көшуге, Қазақстанның киелі жерлеріне қатысты мәселелерді және басқа да «сезімтал» мәселелерді түсіндіру кезінде әдептілік сақтау маңызды.

ҮЛГІЛІК СӨЗ СӨЙЛЕУ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Мықты әрі жауапты адамдардың Біртұтас Ұлтын қалыптастыру:

а) Қоғамдық сананы жаңғырту өз мәдениетін, ұлттық кодын сақтағанда ғана мүмкін және сәтті болады;

б) Бәсекелік қабілет және прагматизм болашақты жоспарлау кезінде ұлттық және жеке ресурстарды тиімді пайдалануға негізделген;

в) Рухани жаңғыру салт-дәстүрлермен, тілімен және мәдени мұрамен байланысқан ұлттық бірегейлікті сақтауды білдіреді;

г) Білімнің салтанат құруы мен сананың ашықтығы барлық жерде болуға тиіс, ал әлемнің озық елдерінің технологияларын ескере отырып, сапалы білімге бет бұру іргелі басымдықтар болып табылады;

д) Эволюциялық даму әлемде болып жатқан заманауи процестерді қайта ой елегінен өткізуді білдіреді.

2. XXI ғасырда ұлттық рухты көтерудің нақты жолдары мен шешімдері. Басымдықтары мен таяу жылдарға арналған міндеттері:

а) бейімделу кезеңінде кириллицаны қатар қолдана отырып, қазақ тілін латын қарпіне кезең-кезеңімен көшіру;

б) «әлемнің 100 үздік оқулығы» жобасын іске асыру арқылы әлеуметтік және гуманитарлық білімге назар аудару – жаһандық ауқымдағы білім саласында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлауға арналған платформаны қамтамасыз етеді;

в) өлкетанулық негізде ұйымдастырылған «Туған жер» бағдарламасы арқылы патриотизмді қалыптастыру;

г) жаһандық әлемде заманауи қазақстандық мәдениетті ілгерілету;

д) «Қазақстанның жаңа 100 тұлғасы» жобасы азаматтарға елдің дамуына салмақты үлес қосқан Тәуелсіздіктің шынайы замандастарының тарихтарын таныстыруға мүмкіндік береді.

Негізгі қорытынды: Экономика саласындағы түрленулер мен саяси реформалар қоғамдық сананы оза жаңғыртуды іске асырған жағдайда ғана мүмкін болады. Қазақстандықтар өткен шақтың, қазіргі шақтың және болашақтың көкжиектерін қосатын платформаның негізінде прогрессивті дамуды көздейді.

Қоғамдық сананы оның алдын орай жаңғырту

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында жаңғыртуды экономикалық өрлеуге немесе технологиялық жетілдіруге жинақтау – бұл жалпы өзгерістер жобасының бір бөлігі ғана екеніне көңіл бөле отырып, жаңғырту процестері шеңберінде еліміздің рухани қайта өрлеуінің тұжырымдамалық бейнесін жеткізеді.

Мақалада Мемлекет басшысының қазақстандық қоғамның болашаққа қарай қалай қадам басуы туралы ойлары көрсетілген. Барлық технологиялық процестердің жеделдеуі мен әлем экономикаларының бәсекелік қабілеттерінің өсуіне орай құбылмалы әрі күрделі болашақ.

Халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы кезеңі мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарындағы қарама-қайшы оқиғалармен сипатталады. Үдемелі қарқын алып отырған жаһандық әлем ұл санасының халықтың руханияты мен дәстүрлеріне негізделген айрықша үлгісін талап етеді. Бұл

жағдайларда қоғамның рухани-құндылық бағдарларын сақтау және жаңарту мәселелері бірінші кезектегі маңызға ие болып отыр.

Дүниедегі үрдістер әлемді өзгертуде, заман өзгеруде, бұл Қазақстанға дамудың мүлде жаңа деңгейіне шығуға айрықша мүмкіндік береді. Жаңару міндеті бүгінде Қазақстанның ғана емес, барлық мемлекеттердің алдында тұрғанын атап өтеді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елдегі басталған ауқымды өзгерістер қоғамдық сананы оза жаңғыртумен сүйемелденуі тиіс. Бұл ретте, Президент бүгінгі таңда орасан жұмыс атқарылғанын және Қазақстанның қалыптасқан мемлекет екенін атап өтеді. Бірақ мықты әрі жауапты адамдардың Біртұтас Ұлтына айналу үшін қоғамдық сананы өзгертуге мүмкіндік беретін неғұрлым ауқымды және іргелі жұмысқа кірісетін уақыт жетті.

Және де мақаланың негізгі түйіні Қазақстанда ауқымды өзгерістердің қоғамдық сананы өзгертусіз, немесе жаңғыртусыз мүмкін еместігінде.

Жаңғырту деген не?

Ғылыми әдебиетте Жаңғыру (modernization; modern – заманауи) қоғамдық-әлеуметтік эволюциясына, оның құрылымдық

және функционалдық жіктелуінің заманауи қоғамның қалыптасуы бағытына қарай өсуіне алып келетін саясаттағы, экономикадағы және мәдениеттегі инновациялардың тарихи ұзақ процесі ретінде белгіленеді.

Сондай-ақ жаңғыруды мемлекетті қарқынды дамыту мақсатында жүйені ауыстырмайтын, бірақ қолда бар әлеуетті жұмылдыратын іргелі өзгерістер процесі ретінде анықтайды.

Жаңғыру процесі сатылы, көпфакторлы, тарихи инвариантты және қайтымды болып табылады; ол өңірлік және өркениетті ерекшелікке ие және әртүрлі қоғамдық ішкі жүйелерде және дамудың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі жылдамдықпен және қарқындылықпен өтеді.

Жаңғырудың түпкі мақсаты мемлекетті өзін-өзі дамытуға және өз механизмдерін тұрақты жаңалап отыруға қабілетті жүйеге айналдыру, уақыт талабына сәйкес келтіру болып табылады.

Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құра отырып, Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды.

Сосын, 2030-Стратегиясын қабылдап және Астананы салып, Қазақстан 50 дамыған елдің қатарына енді – бұл Екінші жаңғырудың нәтижелері.

Үстіміздегі жылдан бастап, Қазақстан жандық бәсекелік қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің Үшінші жаңғыруын іске

асыруға кірісті. Басты мақсат – Ұлт жоспарын орындау негізінде әлемнің 30 озық елінің қатарына ену.

Қазақстан Президенті елдің жүйелі және дәйекті эволюциялық дамуын көздейтін мемлекеттік саясаттың өзара байланысы мен сабақтастығына көңіл бөле отырып, еліміз аяқ басқан жаңа тарихи кезеңге тән қауіптер мен сын-қатерлерді жан-жақты бағалай келе өзінің рухани жаңғыру тұрғысынан болашаққа терең көзқарасын баяндады.

Өзгерістер жолына түскен елдердің әлемдік тәжірибесі жаңғырудың – әлеуметтік-мәдени өзгерістерден оқшаулауға болмайтын процесс екенін көрсетеді. Жаңғыру біздің заманымызда материалдық өмірді де және рухани өмірді де біріктіріп қамтуға тиіс.

Демек, жаңғыру – әлеуметтік-мәдени феномен, оның артында тиісті адамның әлемді сезінуі мен дүниетанымы, оның қоршаған ортаны түсінуі және оның ондағы орны, дәлелдері мен мінез-құлық стилі, құндылық бағдарлары мен мәдени қалауларының меңгерген жүйесі, соның ішінде өмірдің саяси нысандары, белгілі бір құқықтар мен міндеттемелер жүйесі тұрады.

Нұрсұлтан Назарбаев жаңғыруды мемлекетті қарқынды дамыту мақсатында жүйені аустырмайтын, бірақ қолда бар

әлеуетті жұмылдыратын іргелі өзгерістер процесі ретінде бөліп көрсетеді.

Елбасы өз мақаласында былай анықтайды – саяси жаңғырудың да, экономикалық жаңғырудың да табысты болуы бірінші кезекте қоғамдық сананың руханият басым болатын деңгейіне тәуелді. Сондықтан бүгінгі таңдағы рухани қайта өрлеу – ең өзекті міндет.

Бүгінгі таңда, Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру шеңберінде, үш жаңғырту процесі жүзеге асырылатын болады: саяси реформа, экономикалық өрлеудің жаңа моделін құру және қоғамдық сананы жаңғырту.

Реформалар нәтижелілігінің маңызды алғы шарты – азаматтық келісім, әртүрлі саяси күштердің ынтымақтастығы мен жаңғырту жобасын іске асыру мақсатында қоғамның бірігуі. Бұл мәдени кодты өзгертуді, жаңа құндылықтар мен қалаулы болашақ бейнесін қалыптастыруды көздейтін қоғамдық сананы жаңғыртусыз мүмкін емес.

Дүниетанымдық-идеологиялық негіздеме

Мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасы – бұл, ең алдымен дүниетанымдық-идеологиялық сипаттағы мақала, ол ХХІ ғасырдың ұлттық санасына

және қоғамдық сананы өзгерту жолдарына оңтайлы форматта жалпы анықтама береді. Мақсаты мықты әрі жауапты адамдардың Біртұтас Ұлтын құру.

Жаңа үлгідегі жаңғырудың бірінші шарты – өз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтау. Онсыз жаңғыру бос сөзге айналады. Бұл ретте тарихи тәжірибе мен салт-дәстүрлерге тым жоғарыдан қарауға болмайды. Керісінше, үздік дәстүрлерді жаңғырту сәттілігінің маңызды шарты етіп алу керек. Бұл жерде Президент жалпы қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттарын бөлім көрсетеді. Бұл бағыттардың барлығы жеткілікті дәрежеде өзекті және уақыт сынқатерлеріне сай келеді.

Ең алдымен, бұл бәсекелік қабілет, ол кезде жаңа заманның жақсы жақтарын ала отырып, жаңа нақты ахуал мен шарттарға шоғырлану және бейімделу маңызды. Әрбір қазақстандық өзіне өңірлік және жаһандық нарықтарда ұтымды нәрселер ұсына алуы үшін ең маңыздысын бөліп алуы тиіс. Бұл тек материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге интеллект пен білім. Мұның сөзсіз алғышарттарының қатарында компьютерлік сауаттылық, шет тілін білу және мәдени ашықтық сияқты факторлар тұрады. Сондықтан «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы да, үштілділік бағдарлама-

сы да, мәдени және конфессионалдық келісім бағдарламасы да – ұлтты 21 ғасырдағы өмірге дайындаудың бір бөлігі деп атап өтеді Президент.

Өзінің бағдарламалық мақаласында ол әдеттер мен стереотиптерді өзгертпей жаңғыру мүмкін емес деп атап өтеді, бұл ретте маңызды бағытты – прагматизмді бөліп көрсетеді. Өз кезінде ұлттың бейберекеттігі Арал теңізінің жойылуына, мыңдаған гектар табиғи жерлердің экологиялық апат аймағына айналуына әкеп соқты делінген мақалада. Бұл аса бейпрагматикалық қатынастың, бұл жағдайда қоршаған ортаға сондай көзқарастың жарқын мысалы. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаев шынайы мақсаттарға қол жеткізуге көңіл бөле отырып оңтайлы өмір сүру – мінез-құлықтағы прагматизм деген осы деп атап өтеді. Және бұл – қазіргі әлемдегі жалғыз сәтті модель.

Бұл ретте ұлттық бірегейлікті сақтау маңызды. Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тіл мен музыка, әдебиет және үйлену ғұрыптары, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рух халықпен мәңгі қалуға тиіс деп атап өтеді Президент. Бірақ көне және қазіргі шынайы өмірде артық әдеттерден және құмарлықтан арылу қажет. Мысалға, біртұтас Ұлтты өңірлік бөлуді артта қалдыру қажет. Біз меритократиялық қоғам құрудамыз, онда әрбір адам жеке үлесімен

және жеке кәсіби сапасымен бағалануға тиіс деп жазады Мемлекет басшысы.

Таяу онжылдықтарда барлық кәсіптің жартысы жойылады және мұндай жағдайда тек жоғары білімді адам ғана сәтті өмір сүре алады. Сондықтан Қазақстан білім беру саласын бюджеттік қаржыландыру үлесі бойынша ең озық елдердің қатарында. Егер жастардың құндылықтар жүйесінде білімділік басты құндылыққа айналар болса, ұлт табысқа жетеді деп сенеді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет пен ұлт – статикалық құрылым емес

Еліміздің Президенті ұлттың табысқа жетуіне тек эволюциялық дамудың ғана мүмкіндік беретініне сенімді. Барша ХХ ғасыр революциялық сілкіністер белгісімен өтті. Бүгінде революциялардың сипаты өзгерген, ол айқын ұлттық, діни, мәдени немесе сепаративтік реңге ие болған. Сондықтан әлемде болып жатқандарды қайта ой елегінен өткізу – жалпы қоғам да, саяси партиялар мен қозғалыстар да және білім беру жүйесі де жүргізуге тиіс орасан дүниетанымдық, идеологиялық жұмыстың бір бөлігі.

Сондай-ақ Президент Назарбаев тым болмағанда үш негізгі аспектімен баяндалатын сананың ашықтығы туралы айтады. Бұл дүйім дүниеде, өз еліңнің айнала-сында және ғаламшардың өзіңе қатысты аумағында не болып жатқанын түсіну. Және ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістерге дайын болу, ол өміріміздің орасан бөлігін – жұмысты, тұрмысты, демалысты, тұрғын үйді, адами қарым-қатынас тәсілдерін өзгертеді.

«Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші тарау таяу жылдарға арналған іс-қимыл жоспары, күн тәртібі. Таяу болашақта іске асыруға болатын алты нақты жобаны баяндаған.

Ұсынылған шаралар басты мақсатқа – мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы негізінде жалпы руханилықты қайта көтеру. Оның үстіне, елімізде 2014 жылдан бастап, ішінара алғанда қазақстандықтардың бәсекелік қабілетті мәдени ділі мен жоғары руханилығын қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы іске асырылуда.

Мемлекет пен ұлт – статикалық құрылым емес, тірі дамушы организм. Нұрсұлтан Назарбаев барша мақаланың басты ойын өмір сүру үшін саналы бейімделу қабілетіне ие болу керек деп атап өтеді. Уақыт тоқ-

тамайды, демек жаңғыру тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Президент елдің жастарына жаңа дәуірлер тоғысында Қазақстанның жаңару мен жаңа идеялар арқылы өз болашағын өзі құратын айрықша тарихи мүмкіндігі бар деп үн қатады. Мемлекет басшысы жаңа жағдайда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуыңызды ең басты қағидасы екеніне сенімді.

«Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді».

Сондықтан Елбасы былай деп атап өтеді: «Реализм мен прагматизм негізінде қоғамдық сананы өзгертуге пәрменді атсалысу үшін еліміздің әрбір азаматы, жалпы қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барлық мемлекеттік органдар өздерін жетілдіруі қажет: ағымдағы жағдайды талдауы, қай жерде екенін айқындауы, баршаға және әрқайсымызға не істеу керек екенін ұғыну қажет. Біз біртұтас және ұлы ұлт екенімізді мақтан тұтуымыз қажет. Бізде жалғыз жол бар: жаңару арқылы жарқын болашаққа!».

АҚПАРАТТЫҚ-АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР. ТАЯУ ЖЫЛДАРДА ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуі

Президент «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшуін бастама етіп көтерді. Бұл ретте, латын әліпбиіне көшудің негізінде, бір жағынан, терең тарихи логика, ал екінші жағынан, Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінің ерекшелігі, қазіргі ХХІ ғасырдағы ғылым-білім беру процесі үшін маңызы зор әлемдегі технологиялық орта және коммуникация ерекшеліктері жатыр.

Қазақ жазуының даму тарихы

Халықтың үлкен өнертабыстарының бірі – жазу. Жазу қоғамның жинап-түйген тәжірибесінің бәрін бір жерге шоғырландырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беруге мүмкіндік береді. Жазу ұлттық кодтарды қалыптастырып, қарым-қатынас жасаудың уақыттық және кеңістіктік шектеулерін жояды.

Өзінің дамуы барысында қазақ тілі нақты

тарихи кезеңнің талаптарына бейімделе отырып, жазуын бірнеше рет өзгертті.

VI–VII ғасырларда көне түркі халқы, ата-бабаларымыз, оның ішінде қазіргі қазақтардың ата-бабалары ғылымда Орхон-Енисей жазуы деген атаумен белгілі көне түркі руна жазуын пайдаланған. Бұл – әріптік жазудың көне түрінің бірі. Мұндай көне жазу нұсқаларының бірі 1896–1897 жылдары Қазақстанда Әулиеата (қазіргі Тараз қаласы) маңында анықталды. Ол жерден көне түркі жазуы таңбаланған 5 тас табылған. 1940 жылы Шығыс Түркістанда VIII ғасырдың ортасындағы жақсы сақталған 4 көне түркі жазуы анықталды. XV ғасырға дейін түркі тілі Еуразияның басым бөлігінде ұлтаралық қарым-қатынас тілі болған. Мысалы, моңғолдың Бату және Мөңке хандары басқарған кезде Алтын Ордадағы ресми құжаттардың бәрі, халықаралық келіссөздер моңғол тілінен бөлек, түркі тілінде де жүргізілген.

Қазіргі Қазақстан аумағына ислам діні келгеннен бастап, яғни X ғасырдан бастап араб жазуына көшкен, бұл жазу XX ғасырдың басына дейін қолданылған. Қазақ тілінің араб жазуына көшудегі маңызды фактор – ол тілдің халықаралық деңгейде кеңінен қолданылуы болды. Араб жазуы Қазақстанда рухани және ақсүйектер мектебінде, сондай-ақ ресми келіссөздерде

қолданылған, өйткені араб тілі халықаралық қарым-қатынас тілі болған. Араб жазуының әсем ою-өрнектерімен ғимараттарды безендірген, ғалымдар мен ақындар еңбектерін араб тілінде жазып, олардың беттерін жоғары көркемдік деңгейде салынған суреттермен өрнектеген.

1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуына негізделген қазақ жазуын сол заманның талаптарына бейімдеу мақсатында оған реформа жасап, бұл жазуды шетелде тұратын миллиондаған қазақтардың пайдалануына мүмкіндік берді. «Жаңа емле» деп аталатын жаңа әліпбиді Қытай, Ауғанстан және Иранда тұратын қазақтар әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Сондай-ақ сол дәуірдің зерттеушілері мен қоғам қайраткерлерінің пікірінше, қазақ тілінің дамуында маңызды рөл атқарған араб жазуы (халық арасында «төте жазу» деп аталады) өзінің әлеуетін төмендетті.

1929 жылдан бастап Қазақстан аумағында жаңа, латынға бейімделген әліпби – «Бірыңғай түркі әліпбиі» пайда болды. Латын жазуына негізделген бұл жазу 1939 жылға дейін қолданылып, 11 жылдан кейін латын жазуының орнына кирилл әліпбиі келді. 1940 жылы «Латын жазуына бейімделген қазақ жазуын орыс жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды.

Кезең-кезеңмен көшу және ойластырылған тәсіл – маңызды талаптар

Қазақстан саясатының ерекше белгісі – белгілі бір бастамалар мен реформаларды іске асыру тәсілдерінің ойластырылғандығы болып табылады. Френсис Бэкон «Уақытында жасалмаған іс – бекер іс» деген екен.

Қазақ тілін латын жазуына көшіру туралы ұсыныс, жаңа әліпби дайындау және құжат айналымы мен кітап басып шығаруды латын тіліне ауыстыру қазақстандықтар үшін кенеттен туындаған мәселе емес. Бұл мемлекеттің мақсатты түрде және кезең-кезеңмен бет алған бұрыннан мәлімделген мақсаты. Сондай-ақ бұл бастама «сырттан» келген жоқ, оны бастама етіп көтерген – Қазақстан азаматтары.

Латын жазуына көшудің қажеттігі туралы мәселені Қазақстанның қоғам қайраткерлері мен тіл білімі саласындағы мамандар тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ ұсынған болатын. Қазақ тілінің жазуын өзгертудің орындылығы туралы мәселе алғаш рет 1992 жылы бұрынғы КСРО аумағында тұратын түркітілдес халықтардың өкілдері қатысқан Түркияда өткен Түркологиялық Конгресс аясында айтылған болатын.

Конгрестен кейін Тіл білімі институтының директоры академик Әбдуәли Қайдар Президент Н.Ә. Назарбаевқа хат жолдады, хатта көптеген түркітілдес елдер Кеңес Одағы құлағаннан кейін латын әліпбиін игергенін, сондықтан Қазақстан да сол елдердің ізімен жүруі керек екендігін атап жазған болатын. Хатқа Тіл білімі институты әзірлеген латын жазуына көшудің тұжырымы және латын жазуына негізделген қазақ әліпбиінің алғашқы жобасы тіркелді. Ұсыныс мұқият қарастырылды. Алайда сараптамалық бағалар қоғамның мұндай күрт өзгерістерге дайын еместігін көрсетті.

Бұл мәселе 2006 жылы тағы да күн тәртібіне қойылды, Қазақстан халықтар ассамблеясында Елбасымыз әлемдік коммуникациялық кеңістікте латын жазуының басым екенін айтып, мамандарды латын жазуына көшу мүмкіндігі туралы мәселені талқылауға шақырды.

Латын жазуына кезең-кезеңмен көшу туралы мәселенің жаңа «Қазақстан – 2050» стратегиясында» көтерілуі қисынды. Президенттің 2012 жылғы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақ тіліне жаңғырту жүргізетін кез келді делінген. Қазақ тілі «Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс».

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың санадаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз... Осылайша, тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деді Президент. Сол кезде қазақ жазуының латын жазуына көшуінің нақты датасы 2025 жыл деп көрсетілген.

Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ жазуын латын графикасына көшіру тақырыбын нақтылай келе, мамандар мен Үкіметтің алдына мынадай міндеттер қойды:

➤ 2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы қазақ әліпбиінің бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау;

➤ 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді оқытатын кадрлар даярлау мен орта мектептерге арналған оқулықтар даярлауды бастау;

➤ қазақ тілін латын қарпіне көшірудің нақты кестесін әзірлеу;

➤ 2025 жылдан бастап іс қағаздарын латын қарпінде жүргізу, мерзімді баспа-

сөзді, оқулықтар мен басқа басылымдардың барлығын латын қарпінде жариялау.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қажеттілігі туралы айта келе, Ұлт көшбасшысы қазақ тілін латын қарпіне көшіру процесі жақсы дайындықпен және байыпты түрде жүргізілуге тиіс деп атап көрсетті. Бұл біздің әлемдік өркениетпен ықпалдасуымызға, ағылшын тілін және интернет тілін үйренуімізге жағдай жасайды.

Не үшін латын қарпі таңдалды?

Латын графикасына көшуге байланысты жиі қойылатын сұрақтардың бірі: «Не үшін кирилл қарпінен бас тартуымыз керек және не үшін қазақтар 900 жыл бойы пайдаланған арабтың өрме жазуын емес, латын қарпін таңдаймыз?»

Мәселенің басты себебі – әлемнің жаһандану процесіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды. Латын қарпі жаңа технологиямен, компьютермен, сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Тіпті жапон тілінде аталатын жапон фирмаларының өздері атауларын латын қарпімен жазғанды дұрыс санайды. Тіпті, Қытайда экономиканың бірнеше секторларында әлемдік нарыққа шығу үшін, әлемдік деңгейдегі тұтынушыға түсінікті болу үшін

латын қарпі қолданылатындығы белгілі. Латын қарпі брендiк графикаға айналып отыр. Латын қарпіне көшу уақыт талабынан қалмау үшін, әлемдiк кеңiстiкке табысты интеграциялану үшін, бiр қызығы, интеграцияланып қана қоймай, өзiнiң кескiн-келбетiн сақтап қалу үшін маңызды болып отыр.

Кирилл қарпiн, керiсiнше, әлемнiң көп елi бiле бермейдi. Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Болгария, Сербия және Македония сияқты елдердi қоспағанда, оны тiптi ешкiм қолданбайды десе де болады. Кейбiр славян мемлекеттерi, мысалы, Польша, Чехия кирилл қарпiн емес, латын қарпiн қолданады және бұрынғы кеңестiк елдер, мысалы, түркiтiлдес мемлекеттердi айтпағанда, Молдавия бiрден латын қарпіне көшiп, жалпыәлемдiк ақпараттық кеңiстiкке енiп отыр.

Шет елдерде тұратын қазақтар өз қандастарымен ана тiлiнде сөйлескенде, латын қарпіне негiзделген замануи ақпараттық желiлердi пайдалануды барған сайын арттырып отыр. Қазақстан жастарының шет тiлдерiн меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлердiру, интернеттi пайдалану, шығыс мәдениетiнiң телевидение, кино арқылы ықпал етуi, еуропалық сапаға ұмтылу – осының барлығы бiздiң қоғамды «латын қарпiнiң құшағына» ерiксiз әрi бiртiндеп тартып келедi.

Қазақстан қазіргі кезде әлемдік экономикалық процестердің белсенді қатысушысы болып табылатындықтан, латын графикасына көшудің де мультипликативті әсері болады. Қазақстан жүргізіп отырған саясаттың тұрақтылығы мен болжалымдылығы, Қазақстанда бизнес жүргізуге жасалған қолайлы жағдайлар шетелдік компанияларды Қазақстан аумағына барған сайын тартуда. Атап айтқанда, Бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингінде Қазақстан 2015-2016 жылдары 42-орынды иеленді. «Жәдігерлер қоры» («Фонд наследия», The Heritage Foundation) Америкалық зерттеу орталығының Экономикалық бостандық рейтингінде де 2016 жылы Қазақстан 42-орыннан көрінді. Doing Business Дүниежүзілік банктің рейтингінде Қазақстан 35 орынға тұрақтап, қатарынан төрт жыл бойы үздік реформатор ретінде мойындалып келеді. Шетелдік азаматтардың Қазақстанға деген қызығушылығының артуы олардың қазақ тілін білуге деген мүддесін де ынталандырады. Қазақстанмен экономикалық байланыстарын кеңейтуді жоспарлай отырып, көптеген шетелдік компаниялар өз қызметкерлерінің қазақ тілін үйренуіне жағдай жасауда. Осы ретте шетелдіктердің қазақ тілін латын қарпі арқылы үйренуі оңай екендігі даусыз. Сонымен қатар қазақ жазуының латын графикасына көшуі

Қазақстанның туризм саласына да қолайлы жағдай туғызады.

Латын графикасына көшудің таза лингвистикалық сипаттағы бірқатар себептері де бар. Латын қарпіне көшу қазақ тілін дамытуға жаңа серпін береді. Өйткені бұл процесс тілдің грамматикалық, әсіресе фонетикалық жүйесі үйлестіруге жәрдемдеседі. Ғалымдар латын графикасы пайдалануға өте қолайлы әрі қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәл береді деген пікірде. Қазіргі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар, оның 33-і орыс тілінің және тоғызы – қазақ тілінің төл әріптері. Ал қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі дыбыс саны – баржоғы 28. Лингвистика заңдарына сәйкес, дыбыстарға қарағанда әріптер саны аз болуы керек. Ал қазақ тілінде керісінше болып отыр, өйткені біз орыстың барлық әріптеріне қазақ тіліне тән дыбыстарды білдіретін әріптерді қостық. Егер біз латын қарпіне көшсек, бір дыбыс белгілі бір әріппен ғана таңбаланатын болады.

Мәселені саясиландыру – орынсыз

Кейбір адамдарда латын қарпіне көшу мәселесі қандай да бір басқа мүдделерге, мысалы, геосаяси мәселелерге қатысты жасалып отыр деген пікір қалыптасқан. Қазақстан латын қарпіне көшсе, Ресейден

іргесін аулақ салады деген сөздерді де естіп қаламыз. Бұл сын көтермейтін тұжырым деп есептейміз. Қазақстанның Ресеймен құрлық шекарасы – әлемдегі ең ұзын шекара, ортақ тарихи, мәдени, экономикалық, туыстық байланыстар – мұның бәрі екі елдің бір-бірінен алшақтауына мүмкіндік бермейді. «Өркениетті таңдау» деген ұғымды «геосаяси таңдау» деген түсініктің синонимі ретінде қабылдауға болмайды. Қазақстан Президенті бірнеше дүркін атап өткеніндей, біз орыс тіліне байыппен қараймыз, орыс тілін білу мәдениетіміздің деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Шымкент қаласында жұртшылықпен кездесу кезінде сөйлеген сөзінде Президент: «Біз кирилл қарпінен қол үзіп кете алмаймыз және орыс тілі мен мәдениетін ұмыта алмаймыз. Бұл қазақтар үшін мүмкін нәрсе емес. Біз орыс тілі арқылы әлемдік мәдениетті, әлемдік прогресті таныдық. Сондықтан ол әрқашан бізбен бірге. Адам қанша көп тіл білсе, ол соншалықты зиялы. Ресей – біздің үлкен көршіміз, құдай қосқан көршіміз және біз әрқашан бірге боламыз».

Сонымен, тілдік графика реформасын қазақ тілін жаңғырту тұрғысынан ғана қарастыру керек. Бұл – графикаға ғана қатысты жүргізілетін реформа. Біз қандай да бір өзге тілге көшіп кетпейміз, графиканы ғана жаңғыртамыз.

Қазақстандық сарапшылардың пікірінше, түркітілдес мемлекеттердің барлығы дерлік (Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан) латын әліпбиіне өтіп болғандығы латын графикасының түркі тілдерінің фонетикалық құрылымын дәл бейнелейтіндігін растайды. Осы ретте латын графикасына көшу – бұл елдердің сыртқы саяси бағыт-бағдарына әсер етпегендігін атап айтуымыз қажет.

Егер мәселеге сезімге берілмей, прагматикалық тұрғыдан келетін болсақ, онда бұл тілдің қызмет етуі мен практикалық қолданысының мәселесі болып табылады.

**«Жаңа гуманитарлық білім.
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы**

**Гуманитарлық білімді жаңарту –
қоғамдық сананы жаңғырту негізі
ретінде**

Жоғарғы білім Қазақстанның жаңғыруындағы негізгі салалардың бірі болып табылады. 2016-2017 оқу жылдары елімізде 125 жоғары оқу орны қызмет атқаруда, оларда 477 мың адам білім алып жатыр және 38 мың ұстаз бар. Өткен жылдарда еліміздегі білім берудің бәсекелестікке қарсы тұру деңгейін арттыруға бағытталған және оны дүниежүзілік білім беру мен ғылыми ортаға шоғырлануын көздейтін кешенді реформалар жүргізілген еді. Олар Қазақстанның білім беру жүйесін Лиссабон конвенциясы мен Болон декларациясының ережелеріне сәйкестендіруге ұмтылды.

Қазіргі уақытта, Қазақстанның үшінші жаңғыруын қамтамасыз етуге қатысты тапсырмаға байланысты, елімізде білім саласындағы бәсекелестікке бейімделген сапалы деңгейдегі жаңа мамандарды дайындау қажеттілігі туындады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Өмір

сүру үшін өзгере білу керек». Осындай өзгерулердің бір бағыты – ол қоғамдық сананы жаңғырту, сондай-ақ тек қоғамдық және гуманитарлық білімдер негізінде жүзеге асырылатын өзгертулер болмақ.

Бұл барлық мамандықтар студенттерінің қоғамдық және гуманитарлық білім саласында сапалы дайындығының болуын меңзейді, өйткені олар заманауи процестерді түсініп, сананы жаңғырту қағидаларының – ашық болудың, прагматизмнің, бәсекелестікке қарсы тұра білудің басты дәріптеушілері болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады».

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

– еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру;

– гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 кітапты қазақ тіліне аудару;

– мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру.

Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері

2018-2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу үлгілері болып табылатын кітаптармен оқуды бастайды.

Әрине, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қазақстандық ғалымдар мен ұстаздардың ұлттық оқулықтарды дайындау жөніндегі жұмыстарын жоққа шығармайды. Бұл тек қазақстандықтар қолдана алатын оқыту әдістерінің спектрін кеңейтуге бағытталған және оларды студенттер мен ұстаздарға қолжетімді қылуға арналған.

Қазақстандағы білімі беру моделін өзгертудің негізгі факторы – ол білім беру және ғылым саласында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде нығаюына, қазақ тілінде білім алатын студенттер санының артуына байланысты. Мысалы, мемлекеттік тілде білім алу тенденциясының тұрақты өсімі сақталуда, техникалық және кәсіби білім алатындар: 2012-2013 оқу жылдары - 54,8%, ал 2013-2014 жылдары – 56,3%, 2014-2015 жылдары – 57,5%-ды құраған.¹ Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде, қазақ тілінде

¹ Қазақстан студенттерінің 47,2%-ы мемлекеттік ЖОО-да білім атуда / http://www.express-k.kz/news/?ELEMENT_ID=65662)

оқытылатын студенттердің саны 62 %-ды құраған.²

Алайда, қазақ тіліндегі кітаптардың студенттерге қолжетімді болуы жағынан, сондай-ақ ғылыми түсініктемелік аппаратты әзірлеу бойынша бірқатар қиыншылықтар сақталуда.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру Қазақстандағы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқыту жүйесін жетілдірумен қатар тағы да екі мәселені шешуге мүмкіндік береді:

– жоба ғылыми айналымға заманауи әлеуметтік процестерді түсіндіретін жаңа тұжырымдамаларды енгізу арқылы, Қазақстандағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің академиялық ортасын дамытуға септігін тигізеді;

– аударма жобасы арқылы қазақ тілінің дамуы жүзеге асырылатын болады, өйткені гуманитарлық пәндер саласындағы фундаменталды, теориялық зерттеулер мемлекеттік тілдің тұжырымдамалық және түсініктемелік құрылымын дамытуды қажет етеді.

² Қазақстан студенттерінің 47,2%-ы мемлекеттік ЖОО-да білім алуға / http://www.express-k.kz/news/?ELEMENT_ID=65662)

Оқулық және ғылыми әдебиеттерді аударудың халықаралық, қазақстандық тәжірибесі

Оқулықты және аударма жобаларын дайындау бойынша ауқымды жобалар әлемде кеңінен тараған тәжірибе. Физика бойынша америкалық (Р. Фейнман, Р. Лейтон және М. Сэндсом) және кеңестік (Л. Ландау және Е. Лифшиц) ғалымдар дайындаған көп томды курстар бүкіл әлемге белгілі, оларды тиісінше орыс және ағылшын тілдеріне аудару 1960-1970 жылдардағы табиғи-ғылыми білімдердің дамуына үлкен серпіліс берді. Гуманитарлық саладағы аудару жобалары жүйелі түрде (авторлар мен аудармашыларды, баспаларды таңдау, аудару сөздіктерін құру) бірқатар халықаралық үкіметтік емес ұйымдар тарапынан, сондай-ақ кейбір университеттер мен жеке ғалымдар тарапынан жүзеге асырылды. Олардың арасындағы ең танымал және ең тиімдісі – «Пушкин» баспа жұмысына көмек көрсету бағдарламасы болып табылады. Ол 1990 жылдан бастап Ресейдегі Француз институты тарапынан жүзеге асырылды және соның арқасында 26 жыл ішінде орыс тіліне 900 шығарма аударылғанын айта кеткен жөн.

Қазақстанда да мұндай тәжірибе бар. 2011 жылы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Жоғары оқу орындарының ас-

социациясы тарапынан жүзеге асырылған жоба аясында, оқулықтарды қазақ тіліне аудару жұмысы басталған болатын. 2012 жылы нанотехнология, биотехнология, минералогия, ақпараттық жүйелер, дизайн және архитектура, философия, музыка сияқты мамандықтар бойынша жалпы тиражы 18 700 дананы құрайтын 15 шетелдік оқулық мемлекеттік тілде басылып шығарылған болатын. Олардың барлығы Республикалық «Оқулық» ғылыми-тәжірибелік орталығында сараптамадан өткен.

Ұлттық аударма бюросы – жобаны жүзеге асырудағы орталық буын

Қазіргі уақытта қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша оқулықтарды дайындау жөнінде талаптар қойылып отыр. Осы орайда әдебиеттерді қазақ тіліне аудару, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жүйелі тапсырма ретінде қарастырылуда. Бұл – қоғамдық өмірді және білім беру процестерін дамытудағы жаңа тренд. Жаңа оқулықтарды шығару ғылыми және білім берудің қатаң сараптамасына сүйенетін болады және беделді ғалымдар мен сарапшылардың кең ауқымды келісіміне септігін тигізеді. Оқулықтарды таңдап алу ағымдағы 2017 жылы басталатын болады және бірнеше жылдар бойы жалғасады.

Оқулықтар әлемдегі оқулықтардың ең үздік үлгілерінен таңдап алынады.

Ұлттық аударма бюросы жобаны жүзеге асырудағы мемлекеттік және коммерциялық емес орталық буын болып табылады, ол екі кезең шеңберінде қызмет атқарады:

– бірінші кезеңде оның мақсаты – шетелдік дереккөздерді қазақ тіліне аударуды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

– екінші кезеңде – қазақ тіліндегі аудармалармен қатар, мемлекеттік тілдегі материалдарды басқа да тілдерге аударуды жүзеге асыру.

2018 жылы алғашқы оқулықтарды аудару жұмысы басталады. Оларды латын графикасы негізінде жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл ағылшын, неміс, орыс, француз және басқа да тілдердегі кітаптардың аудармалары болады. Идеологиялық, саяси немесе басқа да біржақты пікірі бар оқулықтарды басып шығаруға жол берілмеуі тиіс.

«Туған жер» патриоттық бағдарламасы

«Туған жер» бағдарламасы Отанға деген рационалды және эмоционалды қатынасты біріктіруге бағытталған. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікке бағытталған патриотизм мәдени-генетикалық кодтың негізі болып табылады. Бағдарлама 3 бағыт бойынша жүйелі жұмысты талап етеді:

✓ Бірінші бағыт – өлкетану жұмыстары;

✓ Екінші бағыт – табысқа жеткен өкілдер мен ауылдық мекендерден шыққандардың (бизнесмен, шенеунік, жастар және т.б.) көмегімен аумақтарды инфрақұрылымдық қолдау;

✓ Үшінші бағыт – жергілікті биліктің бірлескен жұмысы, демеушілік көмекті қолдау мен тетіктерінің оңтайлы түрін іздеу,

Өлкетану білімі біржақты этнографиялық аспектіні ғана емес, сонымен бірге ірі ағартушылық жұмысқа негізделіп, жергілікті жердің географиясын, фольклорын, мифологиясын зерттеуді талап етеді.

Өлкетану білімін ұйымдастыруды жүзеге асыруда жалпы білім беру мектептеріне сүйенген жөн. Әкімдіктер Білім және ғылым министрлігімен бірге негізгі оқу құралдарын дайындау бойынша жұмыс жүргізуі тиіс.

Меценаттықты дамыту әр өлкеден шыққандардың демеушілік көмегін белсенді қолдауды талап етеді. Бұл жағдайда меценаттар мен жергілікті билік, жұртшылық арасында мына ұстанымдар жүзеге асырылуы тиіс:

- Меценаттық нақты ауылға, мектепке, ЖОО-ға адрестік көмекті талап етеді;
- Жұртшылық тарапынан масылдық көңіл күй емес, жергілікті бағдарламаларды бірлесіп жүзеге асыруға ынта болуы тиіс;
- Жергілікті биліктің тарапынан меценаттықты қолдайтын іс-әрекеттер күтіледі. Бұл жағдайда өңірдің дамуына еңбегі сіңген адамдарды мәңгілік есте қалдыру сияқты моральдық мотиваторларды қосуға болады. Мәселен, нақты тұлғалардың жергілікті жобаларды жүзеге асырудағы рөлі туралы естелік тақташаларын орнату.

Қазірден бастап осы бағдарламаның нұсқасы мен мазмұнын талқылау үрдісі басталып кеткендігін атап өткен жөн. Сарапшылардың ұсыныстары арасында мыналарға назар аударуға болады:

- британиялық өлкетану ассоциациясының форматын үлгі ете отырып, азаматтық сектордың негізінде тарихшылар, экскурсоводтар, туризм саласының мамандарын және т.б. біріктіретін қазақстандық өлкетану ұйымын құру;

- әлеуметтік желілердің кеңістігінде қазақстандық табиғатты насихаттау мақсатында барлық өңірлерге баратын арнайы фотоэкспедиция ұйымдастыру;

- Астана қаласындағы «Атамекен» этно-мемориалдық кешеніне ұқсас, алайда тек мәдени ескерткіштерді ғана емес, табиғи ескерткіштерді насихаттайтын өңірлік деңгейдегі ескерткіштер кешенінің картасын жасау. Балама шешім ретінде осы картаның диджитализациясы мен Қазақстан қалаларында голограмма ретінде көрсетілімі ұсынылады;

- экономикалық салада – туристік абаттандыру аясында бизнес үшін уақытша салық жеңілдіктерін енгізу (транспорттық логистика, тамақтану және т.б.).

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық сипатқа ие рухани жәдігерлерді топтастырады. Жобаның 3 негізгі бағыты бар:

✓ Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құру және еліміздің әрбір азаматына ұлттық бірегейліктің осы негізі бойынша сапалы білім дарыту;

✓ Жобаны жүйелі ұлттық ақпараттық сүйемелдеу;

✓ Қазақстанның мәдени-географиялық белдеуіне сүйене отырып, ішкі және сыртқы мәдени туризмді дамыту.

Киелі жерлердің белдеуін жүзеге асыру үшін жоба аясындағы нысандардың нақты санын анықтау қажет. Ол тым көп болмауы тиіс, алайда тарихи ескерткіштердің негізгі кешенін қамтуы қажет, соның ішінде келесілерге назар аударған жөн:

- Әлемдік өркениеттің қазынасы – Алтай және жалпы Шығыс Қазақстан аумағы. Бұл өңір әлемдік тарихи мұра бола отырып, тек қана түрік тайпаларының ғана емес, үндіеуропалық және арий халықтарының арғы отаны болып табылады;

- Түркістан – Қазақстанның тарихи жетістігі, сонымен қоса Ұлы Жібек жолын-

дағы Тараз, Шымкент, сондай-ақ Алматы облысындағы қалаларға, Сырдария маңындағы өңірге назар аударған жөн;

- Көлік желісінен жырақта орналасқан Орталық Қазақстандағы Ұлытау – Қазақ мәдениетінің қасиетті орталығы;

- Ұлытау сияқты Маңғыстаудағы Үстіртті те Қазақстан аумағындағы барлық қасиетті пантеондармен байланыстыру керек.

Осы өңірлердегі туристік инфрақұрылымның дамуына ерекше назар аударып отырып, жобаны жүзеге асыру үшін әкімдіктермен тұрақты негізде күнделікті жұмысты жүргізген жөн.

Сонымен қатар, қоғамдағы жаһандық ақпараттану үрдісінің сипатын ескере отырып, отандық мәдениеттің әлемдік қауымдастықпен коммуникациялық байланыс орнатып, жаһандық деңгейде өз жетістіктерін көрсете алу мүмкіндіктеріне ие болуына баса назар аударуға тиіспіз.

Бұл орайда жаһандық трендтердің бірі туризмді дамыту арқылы өз мәдениетін ілгерілету болып табылады. Осы ретте Қазақстанның туристік әлеуетін аша алатын, зор резервтер мен мүмкіндіктерге ие тарихи-мәдени ландшафтыны ескеру қажет.

Шетелдік туристерді тарту мақсатында мәдени-туристік инфрақұрылымды қалыптастыру мен жаңғырту жұмысын белсенді жүргізген жөн. Соның ішінде Алтайға,

Үстірт пен Түркістанға және т.б. жерлерге тарихи-эзотерикалық туризм жасау зор қызығушылық тудыруы мүмкін.

Өз тарихымыз бен мәдениетімізге, халқымызға құрметпен қарау сезімін қалыптастыру үшін тек элитарлық мәдениеттің өкілдерін ғана емес, бұл іске барлық қауымдастықтарды, халықты тарту шарт.

Қазірден бастап Қазақстанның қасиетті нысандары картасын жасауды бастап, оны 2017 жылдың соңына дейін аяқтаған жөн. Одан басқа, жобаны кеңінен зерттеу мен ілгерілету бойынша шаралар жоспарын қабылдаған маңызды. Мәселен, «Discovery», National Geographic» каналдарымен бірге Қазақстан туралы ғылымитанымдық фильмдердің топтамасын жасау ұсынылады. Бағдарламаның келесі деңгейіне көшудің негізгі шарты – пантеон реестрін жасауда ортақ келісімге келу болмақ.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы

Қазіргі заманғы бәсекелік қабілет дегеніміз экономикалық даму, халықаралық бастамалар мен жобалар ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мәдениетті қалыптастыру, өзіндік мәдени жетістіктермен әлемге танылу.

Бүгінде Қазақстан әлемдік аренада мұнайдың ірі қоры арқылы, ядролық қарудан бас тартқан, жаппай қырып-жою қаруын таратпау, атомды бейбіт мақсатта пайдалану бастамашысы ретінде танымал. Қазақстанның бұл бейнесі ұлттық брендке айналды, осы арқылы әлемдік және өңірлік үрдістерде мемлекет пен оның мүмкіндіктері туралы жағымды ассоциациялар жасалады.

Қазақстан дамуының жаңа кезеңі сыртқы саяси бастамалармен байланысты брендтерді ілгерілету ғана емес, қазақстандық мәдениеттің үздік үлгілері мен жетістіктерін көрсету арқылы мемлекеттің танымалдығын арттыруды көздейді. Мұндағы әңгіме ғылым, әдебиет, көркемөнер мен музыка, театр, кино және т.б. қамтитын ұлттық мәдениеттің кең мағынасында айтылады.

Мәдениеттің үздік үлгілерінде, халық шығармашылығында, тарихында, музыка,

әдебиет, кескіндеме, театр, кино өнеріндегі озық туындылар Қазақстан мен ұлттық бірегейлігіміз туралы тұрақты ассоциациялар мен бейнелер қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мұнда заманауи мәдениеттің нысаны мен мазмұны бойынша ілгерілеуге басымдық беріледі, соның ішінде халықаралық деңгейде заманауи авторлардың жұмыстарын, әсіресе өз шығармашылығын жеткізуде заманауи нысандарды – мультимедиалық кітаптар, кинематографиялық және әуендік жобалар; виртуалды 3D мұражайлық, көрме және ғылыми экспозициялар; электронды кітапханаларды белсенді пайдаланатын жастарды қолдауымыз қажет.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобаларын да дәл осылай ілгерілетуге тиіспіз.

Ең бастысы, ұлттық мәдениеттегі үздіктерді таңдап қана қоймай, оларды халықаралық аренада насихаттаудың тиімді тетіктерін табу маңызды.

Заманауи Қазақстанның ғылыми және әдеби жобаларын ілгерілету механизмінің бірі – олардың әлемдік тілдерге аударма-

сы болып табылады, мұндағы басты рөлді Ұлттық аударма бюросы ойнайды.

Ауқымды жобаның жүзеге асуы осы жұмыстарға тартылған министрліктер мен ведомстволардың, Мәдениет және спорт министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Ақпарат және коммуникация министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың әкімдіктері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен шығармашылық интеллигенцияның үйлестіруі негізінде мүмкін екені белгілі. Атап айтқанда, Сыртқы істер министрлігі ақпараттық-имидждік жұмысқа бағытталған бюджеттің белгілі бір бөлігін ұлттық мәдениетті шетелде ілгерілетуге жұмсайды. Елшіліктер мен дипломатиялық өкілдіктердің жұмысы сәйкесінше ведомство алдына қойылған міндеттерге бағдарланады.

Сонымен қоса, шетелде қазақстандық мәдениетті кеңінен таныстыру үшін мәдени брендтерді іріктеудің бағалау жүйесі дайындалады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы

Әңгіме не туралы?

Еліміздің тарихын оқулықтар бойынша зерделей отырып, Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан атақты тұлғалардың өткен ғасырларда өмір сүргендеріне еріксіз назар аударасың.

Қазіргі Қазақстан өзінің бұрынғысынан ерекшеленеді. Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Қазақстан тарихи жолдан өтіп, әлемдік кеңістікте танымал мемлекетке айналды.

Қазіргі заманғы Қазақстан:

- дамыған экономикасы;
- сапалы білім жүйесі;
- жоғары білікті кәсіби кадрлары;
- медицина саласында елеулі жетістіктері;
- жоғары спорттық әлеуеті және т.б. бар мемлекет.

Алайда Президент өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында» нақты адамдардың тағдырлары көрінбейтіндігін атап өтті.

Біздің жетістіктеріміз өздігінен келген жоқ. Осының барлығының артында ел азаматтарының қажыр-қайраты жатыр. Қазақстанның әр жетістігінің тарихы – әрбір

адамның жетістігінің тарихы. Тарихты адамдар жасайды. Тарих – ол әріптері бар кітап емес, ол – адамдардың өмірі.

Қазақстан – жас мемлекет және біздің бүгінгі Қазақстанды құрып жатқан адамдар – ол біздің замандастар, көбінесе жастар.

Президент «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыруды ұсынып отыр. Бұл қандай жоба?

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы ең алдыменен жаңа буынның тұлғаларына бағытталған. Бұл жоба Қазақстанға әр түрлі саладағы көрнекті тұлғаларды таныстырады. Олар мәдениет қайраткерлері: әншілер, композиторлар, спортшылар, ғалымдар, журналистер, кәсіпкерлер және басқа да өз ісінің майталмандары.

Негізінен бұл – 20 және 50 жас арасындағы қазақстандықтар. Тәуелсіздік кезеңінде табыс пен құрметке қол жеткізген жандар.

Сонымен қатар, қазіргі Қазақстанда Жобаға енгізілетін 100 адамнан анағұрлым көп табысты адамдар бар екенін түсіну керек.

Жобаның мақсаты ең үздіктерді таңдау емес, конкурс немесе жарыс емес. Бұл Жоба жас ұрпаққа алдыңғы буынның кәсіби табыстарға қалай жеткендерін көрсетеді, жол сілтейді.

Сондықтан «100 жаңа есім» тек ұлттық деңгейде ғана емес, өңірлік деңгейде де іске асырылатын болады. Қазақстанның әр

өңірінде өздерінің табысты адамдары бар және олардың өмір тарихы өзгелерге үлгі бола алады.

Жоба үш міндетті орындауға бағытталған:

1. Өздерінің ақылымен, еңбегімен және дарынымен қазіргі Қазақстанды жасап жатқандарды түстеп көрсету.

2. Танымал замандастарымызға ақпараттық қолдау көрсететін және елге әйгілейтін жаңа мультимедиалық алаң құру.

3. Тек ұлттық деңгейдегі ғана емес, өңірлік деңгейдегі «100 жаңа есім» жобаларын жасау. Біз ұлтымыздың алтын қорын құратын отандастарымызды білуіміз қажет.

Табыс тарихы (жеке мысалдар)

МӘДЕНИЕТ

Марат Бисенғалиев

Атақты скрипкашы және дирижер, Алматы қаласында дүниеге келген. Әлемге танымал болғанына қарамастан, өз еліне адал (азаматтығын өзгертпеген).



Бирмингем консерваториясының профессоры, Қазақстан Республикасына еңбе-

гі сіңген қайраткер, AAPRO оркестрлер альянсі директорларының бірі.

Мария Мудряк

Әлемнің ең танымал сопраноларының бірі. Үздік ондыққа кіретін қазақстандық опера әншісі. Сахнаға алғаш рет 3 жасында шыққан. Сол кезде оны әлемге және музыкалық ортаға өте танымал қылған «Машенька» атты алғашқы альбомын шығарды.



СПОРТ

Марат Жыланбаев

Қазақстанның ең танымал адамдарының бірі – екібастұздық марафоншы Марат Жыланбаев. Ол (адамзат тарихында бірінші рет!) Сахараны солтүстіктен оңтүстікке қарай жүгіріп өтіп, Гиннес Кітабына енген 7 рекорд жасады.





Геннадий Головкин

Орта салмақтағы, әлі жеңіліс тауып көрмеген қазақстандық кәсіпқой боксшы. «The Ring» журналының нұсқасы бойынша, салмақ категориясына қарамай, ең үздік боксшылардың үштігіне кіреді.

Гиннес рекордтар Кітабына енгізілген (ең жоғары нокауттар проценті бар орта салмақтағы әлем чемпионы).

БИЗНЕС

Гүлжан Молдажанова

Әлемнің ең ықпалды әйелдерінің бірі – қазақстандық Гүлжан Молдажанова. «Forbes» іскерлік журналының тізімінде 37-орынды иеленіп, тізімде АҚШ-тың бұрынғы бірінші ханымы Лора Бушты, Ұлыбританияның патшайымын және бірнеше президенттерді басып озған. Өзінің мансаптық жолын кеңседегі хатшы ретінде бастаған. Бүгінгі таңда ол «Базовый



элемент» ірі ресейлік қаржылық-өндірістік компаниясын басқарады. Қазақстанның ең бай әйелдерінің бірі болып саналады.

Әділжан Қалиев

2011 жылы малайзиялық бизнесмендермен ынтымақтастықты бастап, еліміздің мал шаруашылығы саласына қомақты инвестиция салды, сауда палатасын ашты.



Тікелей шетелдік инвестициялар Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуын іске асырудың маңызды көзі болып табылатыны белгілі.

Әлімжан Қалдияров

«Omega International holding»-тің бас директоры және «Ордабасы Инвест» компаниясының негізін қалаушылардың бірі. Әлімжан «Басқалар ұйықтап жатқанда оқы; басқалар демалып жатқанда жұмыс істе; басқалар ойланып отырғанда іске кіріс» принципін ұстанады. Ол өзінің энергиясын басқалармен бөліседі және «жаңаша өмір сүруге» шабыттандырады.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі түсініктері мен ұғымдары

Кіріспе

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақстандықтардың менталитетінің сапалы тұрғыдан өзгеру стратегиясын ашып көрсетеді. Сондай-ақ осы жылдың 12 сәуірінде жарыққа шыққан бұл мақала 2017 жылдың 31 қаңтарынан бастау алған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы, сонымен қатар 2017 жылдың 10 наурызында жарияланған билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу бойынша конституциялық өзгертулер жобасымен бірге президенттік мәтіндердің үштігін құрап отыр.

Президенттің Бағдарламалық мақаласы жаңа саяси лексиканы қолданысқа енгізіп отыр. Мұнда жаңа түсініктер мен ұғымдық мәндер, сонымен қатар бұрындары қолданылған, бірақ жаңа үлгіде ұсынылып отырған ұғымдар пайдаланылған.

Осы орайда Президенттің бағдарламалық мақаласын ілгерілетуде аталмыш мақаланың мәні мен мазмұнын жете және тереңінен түсіну үшін негізгі және тірек түсініктерді қарастырып өту керек.

Елбасының бағдарламалық мақаласының негізгі түсініктері мен ұғымдары

Ұғым және мәндік құрылым	Түсіндірме
Жаңғыру (модернизация)	<p>Модерн сөзінен аударғанда заманауилықты, аграрлық қоғамнан индустриалды типке көшу үрдісін білдіреді. Модернизацияның теориялары аясында кеңінен қарастыратын болсақ, «модернизация» дәстүрлі қоғамның немесе өтпелі кезеңдегі қоғамның белгілі бір қабылданған оңды өзгерістер шкаласы бойынша анағұрлым озық елдердің деңгейін қуып жетуді білдіретін барлық дамушы әлеуметтік өзгерістердің синонимі ретінде түсініледі.</p> <p>XXI ғасырдың жағдайындағы модернизация көмір сутекті экономикадан сандық технологиялар, баламалық және жаңартылып отыратын энергия көздеріне негізделген жаңа технологиялық тәртіпке өтуді білдіреді. Жалпыөркениеттік және әлеуметтік-мәдени</p>

	сипатты иеленетін модернизация қоғамның жалпы құрылымының, қоғамдық қатынастар жүйесінің түгелдей өзгеруін білдіреді.
Жаңғырудың XX ғасырдағы батыстық үлгілері	<p>Жаңғырудың бірнеше түрі аталып өтеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жаңғыру вестернизация ретінде (дамушы елдердің батыс қоғамдарының құндылықтарын, тәжірибесін, стандарттары мен үлгілерін көшіріп алу үрдісі); – жаңғыру жаһанданудың бөлігі ретінде (дәстүрлі қоғамның технологиялардың трансферті мен инвестициялар кіретін әлемдік қатынастар жүйесіне ортақтасу үрдісіне сәйкес келеді); – пионерлік жаңғыру (әлемдік техникалық және экономикалық прогресстің көшбасшы мемлекеттері пионерлік даму үлгісін ұстанып келеді. Осы үлгінің шеңберінде олар өндіріс технологиясы бойынша және ұлттық байыту өсімінің қарқындылығы тұрғысынан анағұрлым жетілдірілген экономикалық тетіктерді қалыптастырады); – қуып жетуші жаңғыру (отаршылдықтан кейінгі кезеңдегі елдердің заманауи қоғамға өту үрдістерін сипаттайды. Кейбір елдерді есепке алмағанда, қуып жетуші бағыттағы барлық елдер орташа табыс қақпанында қалды, яғни дамыған елдердің қатарына кіре алмады); – жаңғырудың еліктеме үлгісі (бейорганикалық жаңғыру адами капиталдың өзгеруіне алып келмейтін технологияларды көшіріп

	<p>алу, инвестициялармен және қарқынды экономикалық дамумен сипатталады. Халықтың негізгі бөлігі жаңғыру үрдісінен алшақтатылған болып келеді. Оның артықшылықтары мен игілігін тек элитаның бір бөлігі мен шетелдік капитал көріп отырады. Нәтижесінде бұл араб көктемі және бархыт революциясы іспеттес жаппай наразылық қозғалыстардың пайда болуы мен режимдердің құлдырауына әкеліп соқтырады).</p>
<p>Рухани жаңғырудың міндеті</p>	<p>Қоғамдық қатынастардың әлеуметтік және мәдени саласының өзгеруі (еңбек этикасы, құндылықтардың дәстүрлі жүйесі, өмір салты, тұтынушылық мәдениет, халықтың әлеуметтік өмір салтының жаңа формаларына деген сезімталдығы және т.б.).</p>
<p>Қоғамдық сана</p>	<p>Қоғамдық сана – бұл қоғамдық өмірді сипаттайтын адамдардың рухани құндылықтары, қағидалары, көзқарастары, идеялары, білімдері мен көңіл күйлерінің біртұтастығын білдіруші толыққанды рухани құбылыс. Қоғамдық сананың негізгі формалары – ғылым, философия, өнер, адамгершілік, дін, саясат және т.б.</p> <p>Қоғамдық сананың құрылымында екі деңгей аталып өтеді: қоғамдық психология мен идеология. <i>Қоғамдық психология</i> – жалпы қоғамға және оның үлкен әлеуметтік топтарының әрбіреуіне тиесілі</p>

	<p>сезімдер, көңіл күйлер мен әдет-ғұрыптардың біртұтастығы. <i>Идеология</i> – билеуші әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін және қоғамның рухани өмірінің стратегиясын қалыптастыратын теориялық пікірлердің жүйесі.</p> <p>Қоғамдық сана ұғымына мәні және мазмұны бойынша діл ұғымы жақын болып келеді. Діл (француз тілінде <i>mentalite</i> – ойлау үлгісі) – бұл қоғамдық сананың тереңдетілген деңгейі, ол рухани құрылымдарымен көрініс тауып, солардың арқасында әлеуметтік топ, яғни қауымдастықтан бастап, Біртұтас Ұлтқа дейінгілер әлемді қабылдап, сезіп, ойлап, белгілі бір қалыппен әрекет етеді.</p>
<p>Ұлттық сана</p>	<p>Ұлттар мен этностардың рухани дамуының деңгейі мен өмір салтының ерекшеліктері көрініс табатын әлеуметтік, экономикалық, саяси, ізгіліктік және этикалық, философиялық, діни көзқарастардың, әрекет нормалары, әдет-ғұрып пен дәстүрлердің, құндылықтық бағдарлар мен идеалдардың біртұтастығы болып табылады.</p>
<p>Үшінші жаңғыру</p>	<p>Ұғым өтпелі қоғамдар, бастысы посткоммунистік елдердің теориясымен байланысты болып келеді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін үш өлшемдік транзитті басынан кешірді.</p> <p>Біріншісі – жаңа мемлекеттіліктің атрибуттары мен институттарын</p>

құру, кеңестік отаршылдықтан тәуелсіз елге тиесілі саяси жүйені қалыптастыру көшу.

Екіншісі – жоспарлыдан нарықтық экономикаға көшу. Қазақстан 2001 жылы посткеңестік кеңістікте алғашқы болып нарықтық экономикасы бар ел мәртебесіне иеленді. Экономикалық ауысым көп жағдайларда польшалық реформалардың үлгісі бойынша, яғни шок терапиясы, жекешелендіру, кәсіпкерлер тобын қалыптастыру шараларын өткізу арқылы іске асырылды.

Үшінші – қоғамдық сананың өзгеруі. Бұл жағдайда патернализм мен Кеңес Одағы кезінде басымдық танытқан масылдық психология, мемлекеттік институттарға тәуелділікті еңсеру маңызды болып келді. Адамдардың санасында әлі күнге дейін тоталитарлық режимнің психологиялық кертартпалары мен үрейлері сақталып келеді.

2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланған «Үшінші жаңғыру: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңғырудың осы бөлігі, яғни қоғамдық сананың архаикалық формаларын бұзу және түбегейлі технологиялық және әлеуметтік-мәдени өзгерістерді есепке алатын жаңа ділділікті қалыптастыру қажеттілігі меңзеліп келеді.

<p>Отыз дамыған елдің қатарына кіру</p>	<p>Елбасының 2012 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан халқына жариялаған «Қазақстан–2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында» қойған міндеттерінің бірі болып табылады.</p> <p>Аталмыш үрдіс түрлі өлшемдерге иеленіп келеді. Солардың бірі – Экономикалық ықпалдастық пен даму ұйымына мүшелік ету (ЭЫДҰ). Дәлірек айтқанда, бұл ең дамыған елдердің клубы болып табылады. Қазақстан осы ұйымға мүшелік ету жолында ЭЫДҰ-мен ықпалдастықтың Мемлекеттік бағдарламасына қол қойды.</p> <p>Екінші өлшем – халықаралық рейтингтер.</p> <p>ВЭҚ-тың 2016-2017 жылдарға жасаған Бәсекеге қабілеттіліктің жаһанды индексі бойынша Қазақстан 140 елдің ішінде 53-орынға орналасқан. IMD рейтингісінде ҚР 61 мемлекеттің ішінде 34-орынды еншіленді.</p> <p>Үшінші өлшем – елдің түрлі салалардағы жетістіктері болып табылады. Мысалға, спорт саласында Қазақстан көшбасшылар қатарына енді.</p>
<p>«Мәдени мұра» бағдарламасы</p>	<p>2004-2011 жылдары аралығында бірнеше кезеңдерде іске асырылған қазақ халқының материалды және материалды емес элементтерін жүйелеу мен іздеуге бағытталған бағдарлама.</p>

Алғаш рет ұлттық бірегейлікті мазмұндық тұрғыдан толықтыруға септігін тигізіп, ұлттық байлықты еселеген ірі ұлттық жоба іске асырылды.

Кітап басылымы айтарлықтай күшейді, ол бір жағынан, ішкі мұраны жүйелеп, оны сыртқы өріске тарату үрдісін бастауға, екіншіден, Қазақстанға шетелдік үлгілерді қайта трансляциялауға мүмкіндік береді.

Тарих, археология, этнография мен Қазақстан мәдениеті бойынша таралымы бір жарым миллионнан асатын 537 кітап жарық көрді.

Тек 2004-2006 жылдары 200-ден астам кітап шықты:

– «Бабалар сөзі» кітаптар топтамасы, қазақ тіліндегі «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Қазақ музыкасының антологиясы»;

– қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша («Әлемдік әлеуметтанулық ой», «Әлемдік философиялық мұра», «Әлемдік психологиялық ой»);

– тарих бойынша («Қазақтар құқықтарының көне әлемі», «Әлемдік тарихи ой», «Ежелгі авторлар шығармаларындағы Қазақстан тарихы», «Қазақстан археологиясы»);

– филология бойынша («Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі», «Орфографиялық сөздік»);

– мәдениеттану мен этнология бойынша («Әлемдік мәдениеттанулық ой», «Этнография мен антропология» топтамасындағы

	<p>«Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері»).</p> <p>Домбыра дайындаудың технологияларына қатысты терең зерттеулер жүргізілді.</p> <p>Тарихи кезеңдер мен оқиғалар, мысалға, Аңырақай шайқасы туралы іргелі зерттеулер жүргізілді. Көшпенділер мәдениетінің әлемдік мәдениет қазынасындағы үлесіне ерекше көңіл бөлінді.</p>
<p>«Халық – тарих толқынында» бағдарламасы</p>	<p>Бұл ұлттық тарихты зерттеу бойынша Ведомствоаралық жұмыс тобының шеңберінде 2013 жылы бастау алған бастама алған бағдарлама.</p> <p>Бағдарлама шеңберінде ежелгі дәуір мен орта ғасырдан бастап, қазіргі заманға дейінгі барлық тарихи кезеңдер бойынша алдыңғы қатарлы зерттеулер іске асырылған.</p> <p>Ұлттық тарихты зерттеуге қатысты негізгі мәселелер бойынша ақпарат беретін «NATIONAL DIGITAL HISTORY» порталы ашылған.</p>
<p>Жауапкершілігі мол және мықты азаматтардың ұлты</p>	<p>Ұлт бір территорияда өмір сүріп жатқан, белгілі бір туыстық, тарихи, мәдени, шаруашылық, тілдік байланыстармен ортақтасқан адамдар қауымдастығына тиесілі сана сезімнің жоғары деңгейін білдіреді. Қазіргі әлемде ұлттың маңызды белгісі оның бәсекеге қабілеттілігі, яғни ұлттық менталитеттің өзгермелі жағдайларға бейімделіп, ұлттық мемлекеттің адами және әлеуметтік капиталын сапалы</p>

	<p>түрде жетілдіріп, еселеуге, ел тағдыры үшін жауапкершілік, патриотизм мен азаматтылықтың жоғары деңгейін көрсету мүмкіндігі болып табылады.</p>
<p>Ұлттық мәдени код</p>	<p>Қазіргі әлеуметтік теорияда биологиялық ағзалардың генінде даму бағдарламасы қалай жазылса, негізгі құндылықтар мен мәдениет санаттарында әлеуметтік қызметтің биологиялық қасиетінен жоғары тұратын бағдарламалық матрицалары мен әлеуметтік өзара әрекеттесулердің мазмұндық саласын құрылымдаудың қағидалары солайша көрініс табады.</p> <p>Әрбір этностық топ өзіндік мәдени және антропологиялық кодқа иеленеді. Тірі ағзадағы гендер әлеуметтік жүйенің ДНК рөлін атқарса, ұлттық мәдениеттің әлеуметтік кодтары қоғамның өмірінде де сондай рөлді атқарады. Ұлттық ділдің дүниетанымық әмбебаптары адам өмірінің біртұтас бейнесін қалыптастырады. Белгілі бір мәдениет түріндегі құндылықтық басымдықтарының шкаласын көрсете отырып, олар білімнің, нанымдар, құндылықтық бағдарлар, мақсат ұстанымдары, қызмет ету үлгілері мен әрекеттердің қайсылары адамдардың әрекеттерін, тілдесуі мен қызметін реттейтінін, олардың әлеуметтік өмірін қалыптастыратынын анықтайды. Ұлттық сананың дүниетанымдық әмбебаптарының жүйесі өзіндік бір мәдени және генетика-</p>

	лық код болып табылады, соған сәйкес әлеуметтік ағзалар да жаратылып отырады. Әлеуметтік ағзалардың түбегейлі өзгеруі мәдени және генетикалық кодтың өзгеруінсіз мүмкін емес.
Ұлттық сананың консервациясы	Адамдардың тәжірибелері мен әрекеттерінің ескірген үлгілер мен стереотиптер, патриархалды және архаикалық формалардың шеңберінде сақталуы.
Тұғырнама	<p>Программистер сөздігінен алынған ұғым. Жалпы мәнін қарастыратын болсақ, бағдарламалық қамтуды орындаудың ортасы, осы орайда осы ортаның шектеулер мен мүмкіндіктерді айқындайтынын ескеру қажет.</p> <p>Президент мақаласының аясында тұғырнама (платформа) қоғамдық санада конструктивті өзгерістер үрдісін басқаруға арналған операциялық жүйе ретінде түсініледі.</p>
Бәсекелік қабілет	<p>Түрлі анықтамалардың талдауы бәсекелік қабілеттің қызмет көрсетулер мен тауарлардың нарығында, сондай-ақ кадрлар, салалар, аймақтар мен ұйымдардың сұранысқа иеленуін білдіретінін аңғаруға мүмкіндік береді.</p> <p>Тұтынушылық сұранысты анықтайды, ал ол өз кезегінде нарықтың оңтайлы жұмыс істеуіне, яғни қажет етілетін өнімді өндіру мен оны өткізуді ынталандырады. Сұраныс пен ұсыныстың үйлесімділігінен теңдестірілген баға қалыптасады.</p>

Компьютерлік сауаттылық	Халық арасындағы компьютерді игерудің деңгейін, кең ауқымды интернетке қолжетімділігі бар халық үлесін, экономиканы цифрлаудың деңгейін, ұялы байланысқа шыға алатын халық үлесін, мессенджерлерге қолжетімділігі бар адамдар үлесін, электронды сауда-саттықтың сұранысқа иелену деңгейін білдіреді.
Шет тілдерін білу	<p>Әлемдік ақпараттық қордың жартысынан астамы ағылшын тілінде жазылған. Ақпарат күн сайын және сағат сайын жаңартылып отырады. Ақпарат көздерінің тек кішігірім бөлігі орыс және қазақ тілдеріне аударылып отырады. Сәйкесінше, шет тілдерін білмеу негізгі ақпараттық лектен тыс қалдырады. 2020 жылға қарай әрбір бесінші қазақстандық ағылшын тілін білетін болады. Жастар арасындағы бұл көрсеткіш 40%-ға жетуі тиіс.</p> <p>Ағылшын тілі кеңінен таралған елдер тез және барынша дамып келеді. Оған мысал – Үндістан, Сингапур, Жапония, Оңтүстік Корея елдер. Оларға технологиялар мен тәжірибе, сонымен қатар инновациялық дамуды қамтамасыз ететін біліктілігі жоғары кадрлар тез келіп отырады.</p>
Мәдени ашықтық	Халық мәдениетінің сыртқы және ішкі тұтынушы үшін қолжетімді екендігін білдіреді. Ол іске асырылу үшін аталмыш мәдени кодтың дистрибьюция жүйесіне

	<p>енгізілуі тиіс. Мәдени өнім ұлттық табыстың айтарлықтай маңызды үлесін құрай алады. Мысалға, Астанадағы ЭКСПО–2017 жобасы 3 млн-ға жуық келушілерді, оның ішінде 500-700 мың шетел азаматтарын тарта алады.</p> <p>Мәдени ашықтық – бұл ашық туристік бағыттар, транзиттік туризм мен экотуризмге арналған инфрақұрылым. Мәдени ашықтық – бұл төл мәдени өніміздің мүмкінді тұтынушылары Қазақстанға келу қауіпсіз ғана емес, сонымен қатар қызғылықты, пайдалы және танымды екендігіне көз жеткізу үшін Қазақстан туралы жаппай хабардарлық пен әлеуметтік желілердің жұмысын қамтамасыз ету.</p>
<p>«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы</p>	<p>Бұл 2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланған Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекелік қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауындағы бағыт болып табылады. Бұл цифрлық қоғам жолында қадам жасауға, цифрлық экожүйені құру бойынша сапалы жобаларды іске асыру мен Қазақстан экономикасының бәсекелік қабілеттілігін нығайтуға бағдарланған жаңа ұрпақтың бағдарламасы болып табылады.</p>
<p>Үш тілде білім беру бағдарламасы</p>	<p>Үш тілде білім беруді ілгерлету бойынша іс-шаралардың жоспары (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының 2015 жылдың 30 қазанында №11 Бұйрығымен бекітілген).</p>

	<p>2015-2020 жылдарға бағдарланған үш тілде білім беруді дамытудың жол картасы (Білім және ғылым, мәдениет және спорт министрліктерінің «2015-2020 жылдарға бағдарланған үш тілде білім беруді дамытудың жол картасын бекіту туралы» ортақ бұйрығын дамыту).</p> <p>Аталмыш құжаттар ағылшын тілін тереңінен оқытуға көшу бойынша нақты қадамдарды ұйғарып қана қоймай, пәндерді де ағылшын тілінде оқыту шараларын кеңейтуді де білдіреді. Мұндағы маңызды мәселе – кең бұқараның ағылшын тілін игеруі. Ағылшын тілінің бүкіл әлемдік картасының мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасында шамамен 1,8 млн адам немесе халықтың 15% тілді игерген (http://chartsbin.com/).</p>
<p>Мәдени және конфессияаралық келісім бағдарламасы</p>	<p>Президенттің 2015 жылдың 28 желтоқсанындағы №148 Жарлығымен бекітіліген Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту концепциясы (2025 жылға дейін). Негізгі үш бағыт – қазақстандық бірегейлікті нығайту; мемлекеттік этносаясатты іске асыруға септігін тигізу; ҚХА институтын күшейту.</p> <p>Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамытудың концепциясы. Президенттің 2015 жылдың 28 желтоқсанындағы №147 Жарлығымен бекітіліген. Негізгі мақсат – азаматтық бірегейлік пен қазақстандық қоғамның бірлігін қалыптастыру.</p>

Прагматизм	<p>Тиімді нәтижелерді алуға бағдарланған саясат, көзқарастар мен құндылықтардың жүйесі.</p> <p>Прагматизм – иррационалды тәжірибені жоғарылатуға негізделген метафизиканың қарама-қайшы қыры. Прагматизм діни тәжірибені де қарапайым адам түсінетіндей практикалық тұрғыдан қарастырады. Сонымен қатар прагматизм меркантилизмнен, яғни барлық заттан таза пайда мен табыс түсірудің тәжірибесінен ерекшеленеді. Меркантилды адам барлық нәрсенің сатылатынын, ал прагматик барлық нәрсенің пайдалы, позитивті және игілікке толы тәжірибе әкелуі тиістігін айтады.</p> <p>Прагматизм тағы да бір ағымнан ерекшеленеді. Ол – романтизм. Ақырғысы адамның рухани және шығармашылық өмірінің құндылығын негіздеумен, күшті құштарлықтар мен мінездерді, рухтандырылған және емдік қасиеті бар табиғатты бейнелеумен сипатталады. Яғни романтизм шығармашылық бастама болса, прагматизм тәжірибе болып табылады. Романтика сурет салса, прагматика оны сатып, романтикті асырауға қажетті қаражат таба алады.</p>
Дұрыс экологиялық өмір салты	<p>Мұнда шаруашылық және экономикалық қызметтің ресурсты сақтаушы және табиғаты қорғаушы технологиялары, сонымен қатар</p>

	<p>энергия мен суды сақтау құндылықтары мен практикалары туралы сөз қозғалып отыр. Еуропа елдерінде «циркуляциялық экономиканың», яғни қалдықсыз жұмыс істейтін технологиялар мен екінші ретке жарайтын қолданыс технологиялар туралы қағидалар қарқынды дамып келеді. Осындай экономика «тұтыну қоғамының» экономикасынан түбегейлі түрде ерекшеленеді.</p> <p>Табиғатқа деген бұрыс, енжарлық қатынасты біз социалистік, яғни барлық заттың мемлекеттің меншігінде болған кезеңнен бастап сақтап келеміз. Азаматтар өз меншіктері болмағандықтан, барлық нәрсеге енжарлықпен қарайтын.</p>
<p>Популистік идеологиялар</p>	<p>Популизм популюс (халық) сөзінен пайда болған. Элиталардың мүдделеріне қарсылық таныту ниетте кең бұқараның қолдауына иеленуге тырмысу. Популистік идеологиялар билеуші таптағы консервативтік көңіл күйлерге, статус-квоны сақтап қалуға мүдделі болу, қоғамдық қажеттіліктер мен мүдделерді назарға алмау сияқты әрекеттерге жауап ретінде қалыптасты. Дәлірегінде популизм – бұл охлократия немесе бұқара билігі. Мысалға, фашизм Мюнхендегі сыра бүліншілігі мен шабуыл жасақтарының қызметінен бастау алған болатын. Социал-большевизм қаналған және маргиналды әлеуметтік таптардың</p>

	<p>монархиялық элита мен буржуазиялық олигархияға қарсы наразылығының негізінде қалыптасты. Популистік идеология электоралды демократияларға, яғни саяси жүйенің негізін сайлау құрайтын қоғамдарға тиесілі болып келеді. Әдетте популистер билікке қол жеткізген соң өз ұстанымдарынан бас тарта бастайды. Бұның айқын мысалы – Грекияда «СИРИЗА» атты солшыл партияның билікке келуі, ол өз кезегінде Еуропалық Одақты қатаң сынға алуды тоқтатып, Брюссельмен келісім орнатты.</p>
<p>Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм мен либерализмнің күйреуі</p>	<p>XX ғасыр социалистік және либералды идеологиялардың күресімен байланысты ауқымды әлеуметтік және саяси эксперименттердің кезеңі болды. Ресейдегі 1917 жылғы революция батыстық капитализмнің әлеуметтік салаға қарай ауып кетуіне, реттестірілетін нарық концепциясының, кейнсиандылықтың қолданылуына әкеліп соқтырды. Сол уақытта билікке солшыл партиялар мен қозғалыстар келе бастады. Әлем капиталистік және социалистік лагерьлерге бөлінді.</p> <p>Фашизм ұлтшыл-социализмнің, яғни бір ұлттың өмірі үшін мінсіз жағдайларды қалыптастыру, төменгі таптарды жалдау және оларды жою есебінен оның басымдығын қамтамасыз етуге бағдарланған қозғалыстың шарықтау шегіне айналды.</p>

	<p>Коммунистік режимдер құлдыраған соң социал-дарвинизм мен еркін нарық идеяларын нығайтқан анағұрлым қатаң нарықтық қатынастарға оралу кезеңі басталды. Дегенмен дамыған және дамушы әлем арасындағы шамадан асқан диспропорциялар миграцияға оңтайлы негіз қалыптастырды. Еуропалық елдердің либералды идеологиялары жаңа сын-қатерлер алдында тиімсіз болып қалды. Мультимәдениет құлдырады, өйткені ол батыс қоғамдарының ұлттық және конфессионалды табиғатының түбегейлі өзгеру қатеріне жауап бере алмады.</p>
<p>Ұлттық бірегейлікті сақтау</p>	<p>1991 жылдың жалпыодақтық референдумында қазақстандықтардың шамамен 86% кеңестік мемлекеттің сақталуына дауыс беріп, өздерін Кеңес Одағынан тыс елестете алмады. Бүгінгі таңда халықтың сонша үлесі өздерін Қазақстан Республикасымен бірегейлендіреді. Бірегейлік дағдарысымен байланысты транзиттік кезең де еңсерілді. Жалпықазақстандық бірегейлік қалыптаса алды. Қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлік – бұл ұлттық қуаттылықтың бөлігі, яғни қоғамның өз өнеркәсіптік, экономикалық, интеллектуалды, геосаяси өнімін дамыту қабілеттері болып табылады.</p>

	<p>Бұл – «жұмсақ күштің» ресурсы. Әлемде әралуандылық идеясы сұранысқа ие болып келеді. Ол әрбір қоғамның жаңашылдығымен бөлісе алатынын білдіреді. Ұлттық бірегейлік – бұл заманауи әлемде өзіңді өзің таба алуға мүмкіндік беретін стратегиялық капитал.</p>
<p>Әруақтардың өшпес үні</p>	<p>Әруақтарға сену – адам өміріндегі бабалардың ерекше маңыздылығын көрсететін тәңірге құлшыну, исламға дейінгі кезеңдерден сақталып қалған наным-сенімдердің дәстүрлі түрі.</p> <p>Әруақтарға сенудің негізінде шежіре, фольклор дәстүрлері сақталынып, тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.</p>
<p>Бір ұлттың аймақтық тұрғыдан бөлінуі</p>	<p>Қоныстану территориясының кеңдігіне қарамастан, қазақтар көшпенді мәдениеттің есебінен әрдайым бір ұлт ретінде қала береді. Мысалға, басқа тілдерге қарағанда, қазақ тілінде диалектілер жоқ. Қазақтардың бірлігін далалық коммуникация қамтамасыз етіп отырды. Мысалға, Ұлытау – тартылыс орталығы мен үш жүздің әрдайым жиналып отыратын жері.</p> <p>Әрбір ру басқа қазақ руларымен одақ құруға тырысып бақты. Рудың өкілі ауқатты болған сайын қалыңдығын алыс аймақтардан алған болатын. Сол себептен Қазақстандағы трайбализм Ауғанстан мен Үндістандағы касталық салтқа қарағанда өзге сапалы негізді иеленіп келеді.</p>

	<p>Трайбализм түрлерінің айрықшалануы отырықшы және көшпелі мәдениет арасындағы ерекшеліктерімен анықталады. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде дәстүрлі өмір салты мен өндірістің күйреуі, яғни авхтонды халықтың шетке ығысуы қазақтардың белгілі бір деңгейде аймақтануына әкеліп соқтырды. Яғни дәстүрлі рулық және жүздік бөлінушілікке ендігі отырықшы бөліну белгілері қабаттасып, атап айтқанда, территориялық пен маусымдық көші-қонсыз тұрмыстың жаңа практикаларының пайда болуына әкеліп соқтырды.</p>
<p>Меритократиялық қоғам</p>	<p>Қоғамдағы жетекші позицияларды әлеуметтік шығу тегі мен материалды жағдайына қарамастан барлық қабілетті азаматтардың иеленетінін білдіреді. Яғни мұндағы басты критерий – интеллект, ойлау қабілеттері, жоғары ізгіліктік қасиеттер – еңбекқорлық пен адалдық және т.б.</p> <p>Меритократия концепциясының өзі Ежелгі Спартадан бастау алады. Онда басқару ісі еңбегі сіңгендерге, яғни соғыс жорықтарына қатысқан немесе үлес қосқандарға ғана тапсырылады.</p> <p>Меритократия мемлекеттік аппараттағы шенеуніктер табының диктатуралық элементі ретіндегі бюрократияға қарама қайшы қойылады.</p>

	<p>Меритократияның маңызды қағидасы – элиталардың циркуляциясы, яғни лайықты адамдардың толықтырылуы есебінен билеуші таптың әрдайым жаңартылып отыруы.</p> <p>Меритократияның үлгісі АҚШ болып табылғанымен, сыншылар америкалық үлгіні қамқорлықтағы дарындылардың, яғни қамқоршылардың назарындағы меритократия жүйесі деп бағалайды.</p> <p>Меритократияны енгізудің маңызды элементі – бұл дарындыларға әлеуметтік лифтілерді іздеу және бағалау жүйесі.</p>
<p>Білімнің салтанат құруы</p>	<p>Кеңестік жүйеден, дәлірек айтқанда, энциклопедиялық білім, білім берудің кеңдігі мен оның іргелі сипатынан ерекшеленеді. Білімнің салтанаты функционалды сауаттылықты, нақты құзырлар мен мамандандыруды білдіреді. Мектеп оқушыларында сабақ оқу жүктемесі жоғары болмай, олардың назары жалпылай дамуға, яғни өнер, спорт, тілдерді оқу, заманауи коммуникативті практикаларға бөлінуі мүмкін. Мұнда білімнің өзі емес, ал оның қолданылуы маңызды болып келеді.</p> <p>Сол себептен білімнің салтанаты пәнді тереңінен тануды, бастамашылдықты және еңбекқорлықты ұйғарады. Мұнда басымдық алынған білімнің жиынтығына емес, ал жаңа идеяларды генерациялауға қойылып отыр.</p>

<p>«Болашақ» бағдарламасы</p>	<p>Қазақстандық жастарға конкурс негізінде тағайындалып, шет елде білім алуға мүмкіндік беретін халықаралық стипендия. 1993 жылдан бастап жалғасын тауып келе жатыр. Осы уақыт аралығында он екі мыңнан астам адам білім алды. Бүгінгі таңда «Болашақ» бағдарламасының түлектері – бұл әлем мен тілдерді жақсы игерген қазақстандық қоғам дамуының бетке ұстарлары.</p>
<p>Зияткерлік мектептер жүйесі</p>	<p>Еліміздің он үш қаласында қарапайым отбасылардан шыққан он мыңнан астам дарынды балаларға алдыңғы қатарлы орта білім беріп отырған жиырма Назарбаев зияткерлік мектептердің желісі. Бұл желінің негізінде қырық мыңнан астам пән оқытушыларының білім алуы да ретке келтірілген.</p>
<p>Жоғары деңгейдегі бірқатар университеттерді қалыптастырдық</p>	<p>Батыстық жоғары оқу орындарының үздік үлгілері бойынша Астана қаласында халықаралық деңгейдегі жаңа зерттеу университеті – Назарбаев Университет құрылды. Ол білім беру, ғылым мен инновация сияқты үш құрамдасты біріктіріп отыр. Университеттің 8 клиникасының негізінде органдарды трансплантациялау, кардиохирургия мен онкология бойынша күрделі оталар жасалатын «Болашақ емханасы» қалыптасты. 2015 жылы Назарбаев Университеті алғаш рет 380 бакалаврды түлек етіп шығарды.</p>

	<p>Түлектердің басым бөлігі оқуларын жетекші халықаралық университеттерде жалғастырды. Назарбаев университетінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, олардың 2/3 Массачусетс технологиялар институтында, Стэнфорд университетінде, Лондонның Университеттік колледжінде, Дьюк университетінде, Сингапурдың ұлттық университетінде, Берклидегі Калифорния университетінде, Колумбия университетінде, Лондонның экономика және саяси ғылымдар мектебінде оқып жатыр. Сондай-ақ, түлектердің 42%-ы шетелдік жоғары оқу орындарының гранттары бойынша оқып жатыр. Үш мыңнан астам студент университет алды дайындық, бакалавриат, магистратура мен докторантура бағдарламалары бойынша оқиды.</p>
<p>Қазіргі мамандықтардың жартысы жойылады</p>	<p>Қазіргі таңда технологиялық тәртіптің ауысуы іске асырылып жатыр. Әлемдік экономика мұнай мен көмірге, яғни көмірсутегіне негізделген төрт қалыпты жүйеден бесінші және алтыншы технологиялық қалыптарға көшуде. Олардың мәні энергетикалық парадигманың, капитал мен меншіктің арасындағы әлеуметтік қатынастардың, баға орнату мен өндіріс арасындағы реттестіру мен тұтыну арасындағы негіздердің ауысуына негізделіп отыр. Қол еңбегі ендігі роботтармен алмастырылатын болады.</p>

	<p>Күрделі технологияларды енгізумен немесе интеллектуалды жұмыспен байланысты мамандықтар анағұрлым сұранысқа ие болуда. Мұндағы басты критерий – қосымша құнды өндіру үшін мүмкіндіктердің болуы. Гуманитарлы және әлеуметтік мамандықтарға деген сұраныс кеңеюде. Қоғам барған сайын қартайтын болады және де соған байланысты әлеуметтік қызмет көрсетулер саласы мен медициналық қызметкерлерді даярлауға көп күш пен энергия жұмсалатын болады.</p> <p>Ақпараттық және кибер мүмкіндіктер, цифрлық технологиялар айтарлықтай дамуда. Олардың бәр әдетті әлемнің күл талқанын шығарып отыр. Компьютер шеңберінен шықпайтын, бірақ қоғамның өміршеңдігін анықтайтын электронды сауда, электронды валюталар мен виртуалды экономиканың нарығы пайда болуда. Дәстүрлі БАҚ желілік ресурстардан, ағымдық ақпараттық арналардан артта қалып отыр. Болашақта биотехнологтар мен нанотехнологтар анағұрлым сұранысқа ие болады.</p>
<p>Революциялық емес, эволюциялық даму</p>	<p>Қазақстан Президентінің G-Global доктринасында жариялаған қағидаларының бірі.</p> <p>Эволюция – жаңғыру теориясы элементтерінің бірі, олар өз кезегінде тәжірибені үйлесімді, кикілжіңсіз тапсыруды және</p>

ортаның бейімделу мүмкіндігін, ұрпақтардың сабақтастығын жақсарту және залал келтіруді азайтуды қамтамасыз етеді.

Революция күш салу, тарихи жағдайды тұтастай игерудің жобасы мен жоспарын білдіреді: бұрынғы қоғамның ұстанып келген құрылымдары, идеалдары, әлеуметтік байланыстары мен құндылықтары қайта анықтала бастайды. Әлеуметтік өзгерістердің қазіргі теорияларында революциялар ендігі «тарих локомотивтері», адамзаттың жұлдызды сәттері, жоғары ойлардың орындалуы, әлеуметтік қызметтің шығармашылық сипаты мен дүниежүзілік тарихи үрдісінің имманенті логикасы ретінде қарастырылмайды. Дегенмен әлеуметтік эволюцияның да классикалық теориясы барынша қарастырылған болатын.

Қазіргі таңда эволюцияның сызықтық сипаты туралы түсінік әлеуметтік өзгерістердің шынайы сипатына сай келмейді деп шешілді. Оның орнына түрлі мәдениеттердің, өркениеттер мен қоғамдардың бір-бірінен сапалы түрде ерекшеленетіні, және оларды кезеңдердің біртұтас дәрежеленген немесе артта қалушылықтан прогреске қарай жылжу шкаласы бойынша тізіп қоюға болмайды деген ұйғарым келді. Сонымен қатар әлеуметтік эволюцияның әмбебап тетігі туралы қағида сынға алынды.

	<p>Бұл қағида эволюция себептері мен факторларының алуандылығын мойындаумен, және олардың ішінен абсолютті шешуші күшке иеленетіндердің шықпайтынын ұғынумен ауысты. Әлеуметтік өзгерістердің прогрессивті және позитивті жүріп өтуінің бұл мәселесінде әлеуметтік прогресс тетіктерінің шарттарын, субъектілерін, қозғаушы күштерін анықтаумен байланысты сұрақтар ерекше маңыздылық иеленеді. Прогрессивті өз-өзіндік трансформацияға бағдарлану тұрғысынан қоғамның ең мінсіз эволюция түрі шарттардың келесі комбинацияларынан тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығармашылық, тәуелсіз, шынайылықты орынды қабылдайтын қайраткерлер; • Ашық, толерантты, иілмелі әлеуметтік құрылымдар; • Ұзақ және сыйлы дәстүр; • Болашаққа және оны стратегиялық жоспарлауға деген оптимистік ұзақ мерзімді көзқарас.
<p>Халқымыз үшін ХХ ғасырдың сабақтары көп жағдайда қасіретті болып келді</p>	<p>Қазақтар ХХ ғасырда ұлтты жер бетінен жойып жібере жаздаған үш сындарлы сәтті басынан кешірді.</p> <p>Біріншісі – бұл Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылдың реквизициясы, 1917 жылдың революциясы, азаматтық соғыс, қызыл және ақ террор, Алашорда үкіметінің жойылуы.</p> <p>Екіншісі – мәжбүрлеп ұжымдастыру, жаппай аштық, зиялыларға қарсы репрессиялар, ҰОС.</p>

	<p>Үшіншісі – орыстандыру саясаты, тың және тыңайған жерлерді игерумен байланысты экологиялық апат.</p>
<p>Ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйреді</p>	<p>Көптеген дәлелдер Қазақстанның ХХ ғасырда шикізат және кен өңдеу орталықтарының біріне айналғанын растайды.</p> <p>1917 жылға қарай Қазақстанда темір жолдардың 2793 шақырымы салынған, олардың 2557 шақырымы жалпы қолданыста, ал 236 жергілікті деп бағаланды.</p> <p>Топырақтан салынған жолдар жүз шақырымға алты шақырымды құрады.</p> <p>675 фабрика мен заводтар бар болатын.</p> <p>Қазақстандағы жұмысшылардың саны шамамен тоқсан мың адамды құрады.</p> <p>1914 жылы 44 банк ұйымы 345 несиелік және жинақтаушы мекемелер қызмет етті.</p> <p>ХХ ғасырдың басында бұл өлкеде қала халқының өсімі байқалды. 1897-1914 жылдары барлық облыстарда қала халқы бір жарым есеге көбейді. Орал (47,5 мың адам), Петропавл және Верный (43,2 мыңнан), Семей (34,4 мың) ірі қалалар деп есептелді. Қалалардың көбісі әкімшілік орталықтары ретінде пайда болып, сауда және өндіруші өнеркәсіп орталықтарына айналды. Қаладағы ең ірі әлеуметтік топ саудагер буржуазия болды – 20,3%,</p>

кен орындарын өңдеу және тамақ өнеркәсібінде жұмыс атқарғандардың үлесі – 33,1% құрады (негізінде жалдамалы жұмысшылар), қалалықтардың 20%-ы ауыл шаруашылығымен айналысты.

Бүкілресейлік халық санағының мәліметтері бойынша, қазіргі шекаралардың шеңберінде өлкенің территориясында 4147,8 мың адам өмір сүрді, олардың ішінде 3392,7 мыңы немесе 81,7% қазақтар болды. 1914 жылға қарай өлкені мекендейтін жалпы халықтың саны 5910,0 мың адамды құрады, оның ішінде қазақтардың саны – 3845,2 мың немесе 65,1%.

1914-16 жылдары тек соғыс қажеттіліктері үшін түркістандық өлкеден 70 мың жылқы, 15 мың түйе, 13,5 мың үй тәркіленді.

Тарихи дереккөздердің мәліметтері бойынша нарықтық қатынастардың элементтерінен тұратын жаңа экономикалық саясатты енгізу дала экономикасын тез қалыптастыруға және жаңғыртуға әкеліп соқтырды. 1925 жылдың соңына қарай өнеркәсіптік өнімді өндірудің деңгейі алты есеге көбейіп, 1921 жылдың 17% көрсеткішіне қарағанда 60%-ды құрады. Кейіннен ЖЭС-тан ұжымдастыру мен меншікті тәркілеуге өту шаралары басталды.

<p>Ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды</p>	<p>1917 жылы қазақтардың саны шамамен 6 млн адамды құрады. 1937 жылға қарай ол үш есе қысқарды. Бұдан кейінгі өсім тек соғыстан кейінгі кезеңде байқалады. 1959 жылы 2,7 млн адамнан 1970 жылға қарай 4,2 млн адамға дейін өсті. Дегенмен салмақтық үлесі бойынша қазақтар төмендей түсіп, қалаларда азшылық топтарды құрады.</p> <p>Халық құрылымындағы қазақтардың үлесі революцияға дейінгі кезеңдегі 65% көрсеткішінен ХХ ғасырдың ортасына қарай 30% көрсеткішке дейін түсті.</p>
<p>Қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.</p>	<p>Ә. Бөкейханов бастаған либерал-демократиялық қозғалыс даладағы ең ірі саяси қозғалыс болып табылды. Түркия мен Иран елдеріндегі 1905-1907 жылдары болған революциялардың толқынымен Қазақстанда ұлттық сана-сезімнің өсуі, түркілік бірліктің нығаю үрдісі жүріп жатты. «Алаш» партиясының түйіні ретінде ұлттық зиялылар, сонымен қатар дала ақсүйектерінің өкілдері күреске түсті. Партия мүшелерінің саны бес мың адамды құрады. Бұдан бөлек, жаңа қозғалыстар мен ұйымдар қалыптаса бастады. Осының барлығы саяси плюрализм мен көп-партиялықтың бір бейнесі болды. Бұл үрдістің шарықтау шегі 1917 жылы 21-28 шілде аралығында Орынбор қаласында Қазақстанның автономиясын жариялаған I Жалпықазақ съезінің өткізілуі болды.</p>

	<p>Нәтижесінде қазақ даласындағы либералды және демократиялық тренд басылып, большевиктердің диктатурасымен алмасты.</p>
<p>XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды</p>	<p>Өткен ғасырда барлық материктер мен континенттерді жайпап өткен елу шақты революция орын алған болатын. 1910 жылғы монархияны құлдыратқан португалиялық революциядан бастап, 2000 жылғы Югославиядағы «бульдозерлік революциямен» аяқтауға болады.</p> <p>Жаңа ғасырда революциялар ішкі әлеуметтік қозғалыстардың салдары емес, ал геосаяси технологияға айнала бастады. Оны біз Украинадан, 2004-2005 жылдары Грузиядан, 2009-2010 жылдары Араб елдерінен де байқай аламыз.</p>
<p>Қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады</p>	<p>Қазақстанда демократия мен ағартушылықтың идеялары тарай бастады. Дереккөздердің мәліметінше, XX ғасырдың басына қарай қазақ даласында білім берудің серпілісі байқала бастады. Торғай, Ақмола, Жетісу, Орынбор өлкелерінің оқыту мекемелерінде 6-8 мыңнан бастап 25 мың адамға дейін оқыды. Жалпы 105 мың оқушысы бар 2006 мектеп қызмет атқарды.</p> <p>Мешіттердің қарамағындағы медреселер маңызды рөл атқарды. Қазан университетінде 1887 және 1917 жылдары аралығында шамамен 40 қазақ оқыды. Сондай-ақ саяси мақсатта араб әліпбиінің алдымен латынға,</p>

кейін кириллицаға ауысуы ұлттық мәдениет пен зиялыларға орасан зор зардабын тигізді. Бұл қазақтарды 1929 жылға дейін басылып шыққан қазақ (Құнанбаев Абай, Дулатов Міржақып, Жұмабаев Мағжан, Әуезов Мұхтар және т.б.), сонымен қатар жалпытүркілік (Әл-Фараби, Ахмед Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари және т.б.) әдебиеттен айырды.

Орыс тілін оқыту арқылы қазақ халқы орыс мәдениетіне қол жеткізе алды, ал кеңестік идеология шеңберінде әлемдік мәдениетке де біртабан жақын болды. Дегенмен бұл жағдайда ұлттық бірегейлік жойыла бастады.

ҚазКСР-ның 1937 жылы қабылданған Конституциясында мемлекеттік тіл туралы бап болмады. Ал 1938 жылдың он үшінші наурызында «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» Үкім қабылданды.

1938 жылдың 13 сәуірінде Қазақстанның үкіметі № 353 «Ұлттық мектептерді қайта ұйымдастыру туралы» үкімді қабылдап, ол өз кезегінде Наркомпростың қызметіндегі жетекшілікке айналды. Аталмыш «қайта ұйымдастыру» кеңестік билік жылдарында ұлттық тілдерге негізделіп жасалған білім беру жүйесін жоюға бағдарланған.

	<p>1955 жылдың 4 маусымында ҚазКСР Министрліктер кеңесінің «Орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті оқытудан босату туралы» бұйрығы шықты.</p> <p>Қазақстанды орыстандыру саясаты кеңес дәуірінде өскен көптеген қазақтардың өз тілін білмеуіне әкеліп соқтырды. 1954 және 1986 жылдары аралығында қазақ тілінде оқытатын 546 мектеп жабылды. 1957 жылы Алматы қаласында тек бір №12 қазақ мектебі жұмыс істеді, ал күллі ҚазКСР бойынша қазақ тілінде оқытатын және ауыл мектептерінде бастауыш сыныптары үшін мұғалімдерді дайындайтын жалғыз бір жоғары оқу орны – КазЖенПИ ғана қалды.</p>
<p>Еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды</p>	<p>Лестер Браун атындағы Бүкіл-әлемдік бақылау институтының бағалаулары бойынша Қазақстанда егістік жерлерді тиімсіз пайдаланған үшін гумустың тең жартысы жоғалған. Егер КСРО жерлерінде мұндай шығындар жылына 2,3 млн тоннаны құраса, онда Қазақстанда олар шамамен 1 млрд тоннаны құрады. Гумустық қабат бұзылып, әрбір миллиметрлік қабатпен бір гектарлық жерден 76 кг азот, 240 кг фосфор, 800 кг калий жойылып отырды. Сонымен бірге өндіріс тиімділігіне қатысты көптеген сұрақтар туындады. 1 млрд пұт нанды өндіру үшін бір миллион адамға дейін тартылды. Соның өзінде Кеңес Одағы</p>

	<p>астықтың импортері болып қала берді. Бидайдың өнімділігі әр гектардан 6-7 центнерді құрады.</p>
<p>XX ғасыр игіліктері: индустрияландыру, әлеуметтік және өндірістік инфра-құрылымдардың құрылуы, жаңа интеллигенцияның қалыптасуы</p>	<p>Миллиондаған өмір мен тауқымет көрген талай тағдырды құрбандыққа шала отырып, Қазақстан аграрлық-индустриалды республиканың белгілі бір қасиеттеріне иеленді.</p> <p>ЖІӨ көлемі бойынша республика үшінші орын алды. Республикада хромның 95%, бариттің 83%, сары фосфордың 90%, фосфаттың 40%, мыстың шамамен 30%, күмістің 50%, қорғасын мен цинктің 70%, көмірдің 20%-ы өндірілді.</p> <p>Алайда өнеркәсіп саласы кен өндіру жаққа қарай ауытқи бастады – шамамен екі есеге (КСРО бойынша 9% көрсеткішке қарсы 14-16% көрсеткішті құрады).</p> <p>Ауыл шаруашылығында да осы іспетті жағдай. Жүннің төрттен бір бөлігіне иелене отырып, Қазақстан жүн және шұлық өнімдерді өндіру саласында 4-5% үлесті ғана иемденді.</p> <p>1937 жылға қарай жаппай бас-тапқы оқу шаралары аяқталды. Мектептердің саны жеті мыңға жетіп, олардағы оқушылар саны 1 млн адамды құрады.</p> <p>1928 жылы Алматы қаласында алғашқы ЖОО – Абай атындағы ҚазПИ құрылды. Соғысқа дейін он мың студенті бар жиырма жоғары оқу орны құрылған.</p>

	<p>1938 жылы Ғылым академиясының Қазақ филиалы ашылды.</p> <p>1940 жылы Қазақстанда 57 ғылыми мекеме есептелді.</p> <p>Қазақстанға соғыс жылдары ғылыми институттардың көшуі ғылым және білім беру саласына жаңа серпін берді.</p>
<p>Ұлттың емес, территорияның жаңғыруы</p>	<p>Қазақстан Республикасында революциядан кейін болғандардың барлығы шынында экстенсивті өзгерістерді, яғни инфрақұрылымды, институттарды қалыптастыру, индустриалды қоғамның дағдылары мен білімді игеруді білдірді. Бірақ ұлттың этностық мәдениеті көп жыл бойы жабулы күйінде қалды. Мұндағы бар мәселе қазақтардың аграрлық халық ретінде қала беріп, өмірдің жағдайларына бейімделуіне негізделіп отыр. 1989 жылғы санақ мәліметтері бойынша қазақтардың тек үштен бір бөлігі тәуелсіздік алғанға дейін қалада тұрды. Бүгінгі таңда қалалықтардың үлесі шамамен 70% құрап отыр. Сәйкесінше, қазақтардың арасында ауылды жердің патриархалды практикалары басым болды, ал қалаларда қазақтар орыс мәдениеті мен менталитетін игеріп алды. Ұлт жағдайларға бейімделе алғандықтан тірі қалды. Дегенмен ұлттық рухтың жаңғыруы – Абайдан бастау алған және Алашордамен жалғасын тапқанымен, сол кезде ұзақ жылдарға тоқтап қалды.</p>

<p>Сананың ашықтығы</p>	<p>«Ашық қоғам» теориясының ағымына кіреді. Ашық қоғам концепциясы ең алғашқы рет Анри Бергсонмен құрылды. Кейін ол Карл Поппермен нақтылана және жетелене түсті. Ол өзінің «Ашық қоғам және оның жаулары» атты еңбегінде ашық қоғам концепциясын өзінің критикалық рационализм теориясымен біріктірді.</p> <p>Поппер түсінігіндегі ашық қоғам толықтай демократияланған. Оның мүшелері жеке еркіндіктің кез келген шектеулеріне қарсылық танытады, өзінің сыни ойлау дағдысына және талқылау барысында қол жеткізген келісімдерге сүйене отырып, шешім қабылдайды. Мұндай қоғам шектелген капитализм болып табылмайды, және де марксизм немесе анархияға да негізделмеген: бұл демократияның жеке басты нұсқасы болып табылады.</p>
<p>Жаһандық әлем</p>	<p>Ақпараттық қоғамның жаңа феномені әлемнің жаһанды ауылына бірлесуіне әкеліп соқтырды.</p> <p>Жаһанданудың бірнеше теориясы бар. С. Хантингтон саяси жаһандануды өркениетаралық жанжалдар мен соғыстардың жүруімен сипаттайды.</p> <p>Э. Гидденс халық және әлеуметтік институттар арасындағы әлеуметтік мәселелер мен аралыққа назар салып, үшінші, яғни коммунистік та, капиталистік та емес жолдың қажеттілігін негіздейді.</p>

	<p>И. Валлерстайн әлемді орталық пен шетке бөліп көрсетеді. Бұл жағдайда жаһанданудың экономикалық теориялары, оның ішінде орташа табыс қақпаны теориясы маңызды болып келеді.</p>
<p>Қоғамдық сана</p>	<p>Дәстүрлі әлеуметтік теория қоғамдық сананың теориялық талдауын оның субъектісінің топтық сипаттамасына қатысты түсіндірмелермен байланыстырады. Сонымен қатар Я. Буркхардт, Г. Тард, Г. Ле Бон, Ш. Сигеле, Х. Ортега-и-Гассетт, С. Московичидің еңбектері әлеуметті зерттеушілердің назарын адам өмірін әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастырудың өзіндік топтық формаларынан түбегейлі ерекшелінетін адамдардың қауымдастықтарына бағдарлай алды. Адам қауымдастықтарының мұндай топтық емес формаларына жағдайлылық деңгейінде қалыптасатын индивидтер конгломераттары жатады – мысалға, ұшақ жолаушылары, театр немесе стадиондағы көрермендер, бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясы, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени қозғалыстардың қатысушылары, түрлі қауымдастықтар мен клуб мүшелері және т.б. Қауымдастықтардың осы іспетті топтық емес типтері қоғамдық сананың субъектілері болып табылады, ол өз кезегінде еліктеу, жұқтыру, нандыру құбылыстарымен байланысты әрекет</p>

етудің өзіндік бір тетіктерімен, ерекше, аса маңызды әлеуметтік институтты қалыптастыру ортасымен, яғни қоғамдық пікірмен сипатталады. Қоғамдық пікір толықтай қоғамдық санаға тиесілі бола отырып, оны анағұрлым таза күйінде көрсетеді.

Қоғамдық пікірді білдіруші қоғамдық сананы зерттеушілер оның аяқасты, қарама-қайшы қасиеттеріне көңіл бөледі:

- Ол өзінің ұстанымдары бойынша қарама-қайшылықты, өзінің бойында логикалық тұрғыдан үйлеспейтін түсініктерді үйлестіріп келеді (кез келген сауалнамалар барысында халықтың бір бөлігі қолдаса, екіншісі қарсылық білдіреді);

- Қоғамдық сана көпқабатты және ала-құла болып келеді (дискретті, фрагменталды). Ол жүйені емес, ал элементтердің конгломератын білдіреді;

- Көп жағдайда қоғамдық сана өзгермелі, өзінің таңдауында тұрақты емес, алайда, сонымен бірге айқын консервативтілік пен жаңа ақпаратқа қарсыласуды білдіріп отырады;

- Бұл өзгерістердің себептерін аңғару қиын, кей жағдайда оларға тіпті болжау да қиынға түседі.

Қоғамдық сана ерекшеліктерінің бірқатары және оларды білдіретін қоғамдық пікір аталмыш феноменді игергісі келетін, нақты жағдайда оны басқара алуға

	<p>үйренгісі келетін идеологтар мен саясаткерлерге көп қиыншылықтар туғызады. Сонымен қатар саясаткерлер мен әкімшілік саладағылардың қоғамның көңіл күйлері мен сұраныстарына бейтараптылықпен қарау, қоғамдық пікірді есепке алмаулары, басқару тетіктерінің жұмысында ауытқулардың орын алуына әкеліп соқтырады.</p>
<p>Өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру. Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі</p>	<p>Жапония мен Қытай жетістіктерінің құпиясы шетелдік технологиялар мен тәжірибелерді кеңінен тарту, зерттеу, қолдану және шығармашылық тұрғыдан пайдалану болып табылады.</p> <p>Жапония шетелдік мамандарды тарту есебінен қарқынды дами бастады.</p> <p>Кэйдзен Жапония жетістігінің маңызды факторына айналды. Ол өзін-өзі таптырмай жетілдіру құлшынысы болып табылады.</p> <p>Осы іспетті тәжірибені қолдану Сингапурға да тән, ол өз кезегінде әлемнің ең мықты мамандарын тарту бойынша көшбасшылық танытып келеді. Бірақ бұл жерде ол жаппай старт-аптарды құру және инновациялық мүмкіндіктер, алаңдар мен коммуникацияларды, мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.</p> <p>Қытай бұл әдісті аздап өзгертті. Ол өз азаматтарын оқуға жіберіп, кейін оларды қайтарып отырды. Отандастарын оқуға немесе</p>

	<p>танымал корпорацияларға жұмысқа жібере отырып, Қытай кейін жетекші технологиялар мен идеяларға қол жеткізді.</p>
<p>Қазақстан бүгінгі таңда білімге бөлетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отыр</p>	<p>Білімге жұмсалатын қомақты шығындар Қазақстанның қарқынды дамуына мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында 2011 және 2016 жылдары аралығында білімге жұмсалған мемлекеттік шығындардың үлесі ЖІӨ 3,7% құрап отырды. Сондай-ақ бұл ЭСДҰ шамасына (5,5%) жеткізуді талап ететін маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Дегенмен қазіргі бюджеттік шығындардың шеңберінде еліміздегі білімге жұмсалатын шығындардың арақатынасы айтарлықтай жоғары.</p> <p>ВЭҚ-тың бәсекелік қабілеттіліктің жаһанды индексі Қазақстанның білім беру және ғылым саласындағы көрсеткіштерінің қалыпты динамикасын көрсетті. Мектептердегі интернетке қолжетімділік 2006/2007 жылдардағы 47-орынан 2016/2017 жылдары ішінде 29-орынға көтерілді, зерттеу және білім беру қызметтерінің қолжетімділігі 67-орыннан 51-орынға, ғалымдар мен инженерлер – 100-орыннан 64-орынға, жергілікті жерлерде оқытудың арнайы қызмет көрсетулердің болуы – 82-орыннан 51-орынға, математикалық және жаратылыстану білімнің сапасы – 2008/2009 жылдарындағы 80-орыннан 2016/2017 жылдары 69-орынға, біліммен қамтылу</p>

	<p>коэффициенті – 2008/2009 жылдардағы 51-орнынан 2016/2017 жылдары 21-орынға, қызметкерлерді даярлау дәрежесі – 92-орыннан 69-орынға, компаниялардың зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығындары – 62-орыннан 61-орынға көтерілді.</p>
<p>Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру</p>	<p>Президенттің 2012 жылдың 13 желтоқсанында жариялаған «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасы.</p> <p>Қазақстанның 2025 жылға дейін қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі үшін барлық дайындық жұмыстарын жүргізетінін білдіреді. Мұндай реформаны Түркия (Мұстафа Кемаль Ататүрік әліпбиінің реформасы) XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары іске асырған болатын, кейін Өзбекстан, Өзербайжан жалғастырып кетті, енді Түркіменстан бастап отыр.</p>
<p>Ежелгі түркілік руникалық жазулар</p>	<p>Ж.с.д. VIII-X ғасырларында Орталық Азияда түркі тілдерінде жасалған жазбалар. Классикалық кезеңнің орхондық түріне жатқызылатын әліпбиі (ж.с.д.VIII ғ.) 38 әріп және сөз ажыратушы белгіден тұрды. Жалпы, аймақтық және хронологиялық нұсқаларды есепке алғанда, елу графема саналып шығады. Жазудың бағыты көлденең, оңнан солға қарай.</p>

	<p>Сөз ажыратушы белгі сөздер арасында қойылады, сөйлем соңы ешқандай белгімен белгіленбейді. Әліпбидегі реттілік белгісіз, соған қарағанда дәстүрлі түрде бекітілмеген болар.</p> <p>Ежелгі түркілік руникалық жазу – әріптік жүйе: жеке таңбалар не дауысты, не дауыссыз дыбыстармен белгіленеді (жалпы 25-26 фонема); онға жуық әріпті екі дауыссыз дыбысты немесе дауысты дыбысты дауыссызбен үйлестіру үшін қолданады.</p>
Түркі тілдер	<p>Азия және Шығыс Еуропада кеңінен таралған алтайлық макротопқа кіретін туыс тілдердің тобы. Түркі тілдерінің таралу облысы – оңтүстік батыстағы Колым өзенінің алабынан Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін. Сөйлейтіндердің жалпы саны – 167,4 млн адамнан асады.</p> <p>Түркі тілдері 8 топқа бөлінеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • руникалық жазулар тілдері; • таулы-алтайлық (орталық-шығыс) тілдері; • қарлұқ тілдері; • қыпшақ тілдері; • оғыз тілдері; • саян (тоба) тілдері; • хакас (қырғыз) тілдері; • якут тілдері. <p>Қазақ тілі қыпшақ тілдер тобына жатқызылады. Оғыз тобына түрік және түрікмен тілдері кіреді. Ал қырым-татар тілдері қыпшақ тобына қатысты болып келеді.</p>

	<p>Өзбек және ұйғыр тілдері қарлұқ тобына жатады. Қырғыз таулы Алтай тобына қарайды. Татар және башқұр тілдері де қыпшақ тобына қарасты болғанымен, олардың топ ішіндегі тармағы поволжье-қыпшақ болып келеді, ал қазақ тілі ноғай-қыпшақ тармағына жатқызылады.</p>
<p>Араб графикасы</p>	<p>Арабша жазу, Араб әліпбиі жиырма сегіз әріптен тұрып, оңнан солға жазылады. Араб әліпбиін араб елдерінен басқа парсы, шектеулі азірбайжандық (Ирандық Әзірбайжан) қолданса, өзгертілген нұсқаларын күрд, белудждік, тәжік (Ауғанстан), өзбек (Ауғанстан), урду, пенжаб, синдхи, кашмири, ұйғыр және қазақ (ҚХР) ұлттары пайдаланады.</p>
<p>Болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады.</p>	<p>Білім берудегі тәлімгерлік пен схоластика өткеннің көлеңкесінде қалды. Жоғары оқу орындары мен мектептерде жаңа ұрпақтың мамандары қалыптасуда, олар ендігі жаңа мамандықтарды игеруі тиіс болады.</p> <p>Microsoft және The Future Laboratory мектеп пен жоғары оқу орнында оқып жатқандардың 65% қазіргі таңда әзірше жоқ қызметтерді атқаратынын айтады. Соған байланысты компания сауалнамасына қатысқан сарапшылар жастардың тар мамандандыруды ұйғаратын дәстүрлі білім берудің үлгісінен алшақтауға тырысып, бірқатар жаңа білім мен дағдыларды үйрену тиістігін атап өтті.</p>

«Сколково» бизнес мектебі және Стратегиялық бастамалар агенттігі «Жаңа мамандықтардың атласын» басып шығарды. Оған қарайтын болсақ, адамдар «ақылды» қала көшелерінде электрокарлармен жүріп, виртуалды әлемдерде демалып, шатырында көкөністер мен жемістер өсетін «ақылды» үйлерде тұратын болады. Медицина қызметкерлері адамның гендік қасиетін өзгертіп, молекулярлы диетаны таңдап бере алатын болады.

Осы орайда келесі мамандықтардың пайда болуы ұйғарылады: *прораб-вотчер, «ақылды» көшелердің жобалаушысы, IT-генетик, мультивалюталық аудармашы, инженер-композитчик, урбанист-эколог, интеллектуалды меншікті бағалаушы, краудфандингтік және краудинвестингтік тұғырнамалардың менеджері, космотуризм менеджері, молекулярлы диетолог, генетикалық кеңес беруші, сити-фермер, виртуалды әлемнің дизайнері, сырқатсыз қарттылықтың кеңесшісі, экоауғызшы, жүйелі экологиялық апаттарды еңсерудің маманы, IT-медик, космобиолог және космогеолог, желілік заңгер, электротолықтырушы.*

Яғни, қазіргі таңда нарық сұраныстары мен жаңа технологияларға байланысты жаңа мамандықтарды болжау, үлгілеу

	және қалыптастыру туралы тақырып қозғалғанын байқап отырмыз. Шамамен әрбір студент өз мамандығын қалыптастыруды өзі бастай алады.
100 үздік оқулық	<p>NOP World зерттеуі бойынша ең оқырман ұлттарының рейтингісі жасалған. Ондыққа келесі елдер кіреді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үндістан – аптасына 10,7 сағат 2. Таиланд – аптасына 9,4 сағат 3. Қытай – аптасына 8 сағат 4. Филиппин – аптасына 7,6 сағат 5. Мысыр – аптасына 7,5 сағат 6. Чехия – аптасына 7,4 сағат 7. Ресей – аптасына 7,1 сағат 8. Швеция, Франция – аптасына 6,9 сағат 9. Сауд Арабиясы, Венгрия – аптасына 6,8 сағат 10. Гонконг – аптасына 6,7 сағат <p>Қазақстан бұл рейтингте азаматтары аптасына оқуға небәрі төрт сағат жұмсайтын мемлекет ретінде белгіленіп отыр. Әлемде көшірмелер мен мемлекеттік құжаттарды есептегенде, шамамен жүз отыз миллион кітап бар.</p> <p>WashingtonProFile мәліметтері бойынша, әлемде 569,6 мыңнан астам кітапхана бар. Анағұрлым «кітапханалы» елдер - Еуропа (440 мыңнан астам кітапхана, олардың бөлімшелері, яғни кітапты белгілі бір уақытқа алуға болатын орындар) және Солтүстік Америка (125 мың). Кітапханалардың сирек кездесетін жері – Африка, небәрі 1,2 мың кітапханалық бөлімше бар.</p>

Әлем бойынша кітапханаларда қызмет ететін адамдардың саны шамамен 807 мың (363 мыңы Солтүстік Америкада, 326 мыңы – Еуропада, 242 мыңы – Азияда). Әлем кітапханаларды қамтуға жылына шамамен \$8,7 трлн жұмсайды. Барлық кітапханалардағы кітап сөрелерінің жалпы ұзындығы 15 мың км құрайды. Кітап сөрелері ең ұзын кітапханалар Азияда орналасқан – 9 мың км. Еуропадағы бұл көрсеткіш 350 км, Солтүстік Америкада – 750 км құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша соңғы орынға Оңтүстік Африка орналасқан – 25 км. Әлем кітапханаларында 20 млрд кітап, 1,5 млрд. микрофильм және мерзімді баспасөздің 10 млрд. бірлігі сақталынады. Еуропа кітапханалары ең бай жиынтықтармен толықтырылған (16 млрд бірліктен астам), Солтүстік Америка (12 млрд) және Азия (1,5 млрд). Солтүстік Америка кітапханалық кітаптар саны бойынша бірінші орынға иеленеді, ал Еуропа газеттік және журналдық шығармалардың өлшемдері бойынша бірінші орынды еншілеп отыр.

Кітапханалардың абоненттері шамамен 2,5 млрд адамды құрайды (АҚШ \ US Census Bureau Халық санағы бюросының бағалаулары бойынша жер бетіндегі халық саны 6,5 млрд құрайды).

Бұл көрсеткіш бойынша көш-басшылықты Еуропа иеленіп отыр – 1.8 млрд адам. Екінші орында – Азия (215 млн), үшінші орында – Солтүстік Америка (77 млн).

Жыл сайын кітапханалар абоненттерге кітап, журнал, CD-дискілерді тарату бойынша 1,5 трлн операцияны орындайды. Шамадан тыс жүктелген кітапханалар Еуропада орналасқан (1,1 трлн), Азияда (82 млрд) және Солтүстік Америкада (66 млрд). Салыстырып қарайтын болсақ, Оңтүстік Америкада кітаптарды жылына 48 млн рет береді екен (Африкадан он есе сирек).

ЮНЕСКО\UNESCO Institute for Statistics Статистика институтының мәліметтері бойынша, кітапханалық кітаптардың адам басына шаққандағы ең үлкен үлесі: Грузияда – 16 335 кітапты елдің 1 мың оқырманы оқиды, Монако (сәйкесінше, 9 781), Лихтенштейн (4 968), Сан-Марино (3 704), Исландия (2 831), Армения (2 295), Эстония (1 714), Люксембург (1 707), Литва (1 601) және Македония (1 458). Беларусь – 19-шы орында (667 кітапты 1 мың оқырман оқиды), Молдова – 21-ші (598), Қырғызстан – 22-ші (576), Ресей – 26-шы (513), Әзірбайжан – 29-шы (467), Қазақстан – 41-ші (249), Украина – 55-ші (88). Салыстыратын болсақ, Израиль – 28-ші, Ұлыбритания – 30-шы, Германия – 31-ші, Италия – 42-ші,

	<p>Жапония – 59-шы, АҚШ – 92-ші. Орташа есеппен алғанда, бір мың адамға 832,5 кітапханалық кітап келеді.</p>
<p>«Туған жер» – «Туған Ел» бағдарламасы</p>	<p>Бұл бағдарлама кіші отанның жаңғыруы арқылы жалпыұлттық патриотизмің қалыптасуына бағытталған. Ол өлкетану, өлкетанулық мұражайлар жүйесін дамытуға негізделіп, білім беру жүйесінде орта мектептердің бағдарламаларында туған өлкені зерттеуден бастау алады. Әрбір мекен өзінің қаһармандары мен тарихи орындарына бай. Сол себептен әрбір аймақта аймақтық тарихты оқытуды, мәдени және тарихи ескерткіштерді және жергілікті ауқымдағы мәдени нысандарды қайта қалпына келтіруді ұйымдастыру қажет.</p> <p>Жалпы алғанда, Қазақстанда 2,4 млн жәдігері бар шамамен 230 музей, 3495 мемлекеттік кітапханаларда сақталатын кітаптардың, сирек қолжазбалар мен басылымдардың 66 млн 840 мың том сақталынған. Музейлерге жылына шамамен 5,7 млн адам барып қайтады. Ол есептеп келгенде, жылына бір музейге жиырма төрт мың адам немесе күніне жүз адам. Мысал үшін: Музей Смитсоиан мұражайын 2017 жылдың бірінші ширегінде 5,6 млн адам көріп қайтқан. 2016 жылы келушілердің саны отыз миллионнан астам адамды құрады.</p>

<p>Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы</p>	<p>Жалпы алғанда, республика бойынша республикалық (218 ескерткіш) және жергілікті (11277 ескерткіш) деңгейдегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімдері бекітілген. Бұл тізімдерде жиырма бес мыңнан астам тарих, археология, архитектура мен монументалды өнердің жылжымайтын ескерткіштері көрсетілген.</p> <p>ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұрасының тізіміне мәдениеттің бірегей ескерткіштері – Қожа Ахмет Яссауи мазары мен Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері, сонымен қатар «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері» нысаны да кірген. Жібек жолының Жетісу бөлігіндегі сегіз қазақстандық нысан: Талғар, Қаялық, Қарамерген, Ақтөбе, Өрнек, Құллан, Қостөбе, «Ақыртас» археологиялық кешені «Жібек жолы: Чанань тянь-шаньдық дәліз бағыттарының желісі» ұлтаралық топтама номинациясы құрамында ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұра тізіміне еніп отыр.</p>
<p>Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі</p>	<p>Әрбір аймақта сұранысқа ие қасиетті жерлер бар, олар мәдени және географиялық белдеуді құрай алады. Ресейде мысалы, Ресейдің алтын сақинасы бар. Туристік компаниялар қомақты ақшаға екі және он күн аралығындағы нақты турларды</p>

	<p>ұсынып отыр. Ең аз тур – 3-4 қала, ең көбі 20 қаланы қамтиды.</p> <p>Қазақстанда мәдени туризм аймақтар бойынша бөлінген. Ол туристік қызмет көрсетулердің жалпы көлемінің 10-12%-ын ғана құрайды, бірақ 65%-на дейін бара алатын әлеуеттілікке де иеленеді. Туристік мекемелер қауымдастығының мәліметтері бойынша, Еуропа мен Азияның 14,2 миллион турис Қазақстанға туристік бағыт ретінде қызығушылық танытады. Дегенмен шетелдік қонақтардың 70%-ы іскерлік мақсатпен келген адамдар болып табылады.</p>
Мәдени туризм	<p>Анағұрлым туристік қызығушылықты қалыптастыратын тізім құралған. Бұл – шамамен жүз қырық нысан. Олардың көбісіне барып келу оңай емес, өйткені олар даланың түп тереңінде, жолы жоқ өлкеде орналасқан. Дегенмен де, олар халықтың қызығушылығын жоғалтқан емес. Мәселен, Ақтоғай ауылынан оңтүстік-шығыс бағытта қырық шақырым жерде орналасқан Беғазы мазарына жылына 1,7 мың адам, ал Айша Бибі мазарына сол уақыт аралығында да 155 мың адам барып қайтады.</p>
Қазақстанның жүз жаңа тұлғасы	<p>Әрбір кезеңнің бетке ұстар өз қайраткерлері болады Тәуелсіздіктің жиырма бес жылы ішінде мемлекеттің өз қаһармандары да пайда болды. Олар ғылымда маңызды жаңалықтар жасаған, спортта жоғары нәтижелерге</p>

	<p>қол жеткізген, өнерде жоғары талғамды шығармалар жасаған, өмірдің басқа салаларында да жоғары нәтижелер көрсете білген адамдар болып табылады. Бірақ олардың басты ерекшелігі – қолдауға мұқтаж адамдарға көмектесіп, адамдардың көмек туралы үндеулеріне жауап берулер. Және де мұндай адамдарды әрбір елді мекеннен табуға болады. Жалпыұлттық және жергілікті қайраткерлерді қоғамдық пікір арқылы да анықтауға болады.</p>
<p>Мемлекет пен ұлт – құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті</p>	<p>Түрлі этностық топтардан тұратын ұлттың құрылуы белгілі бір мемлекеттік құрылымның шеңберінде жүзеге асырылады. Оны қалыптастырудағы маңызды рөлді ұлттық мемлекетке толықтай сай болуы тиіс идеология атқарады. Ұлттың маңызды белгісі ұлттық сана-сезім болып табылады. Мұндағы Қазақстанның заманауи тарихына үңілуі тиіс киноиндустрияның да айтары көп болуы тиіс.</p> <p>Алайда біздің кинематографисттерді көп шығынды талап ететін тарихи телехикаялар қызықтырып келеді. Ал қазіргі тарихымыз олардың және біздің де назарымыздан тыс қалып жатыр. Сол себептен тоқсаныншы жылдардан бастап Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы туралы көркем фильмдерді түсіру өте маңызды.</p>

Президент бағдарламалық мақаласының ұғымдық мәнін түсіну – ондағы идеялар мен ойларды тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Іс жүзінде, біз мақаладан заманауи әлеуметтік шынайылықты қалыптастыратын және толықтыра түсетін символдар мен мағыналардың шоғырлануын байқай аламыз. Мақала, бір жағынан, әлемдік философиялық, саясаттанулық, әлеуметтанулық ойдың эволюциясын көрсетсе, екінші жағынан, қалыптасқан ұғымдар мен жалпыға бірдей әлеуметтік концепцияларға жаңа дем береді. Бізге қағидалар мен жобалардың тереңінен ойластырылған тұғырнамасы ұсынылып отыр. Ал оның іске асырылуы қазақтар мен барлық қазақстандық қоғамның қоғамдық, дәлірек айтқанда, ұлттық және мәдени санасын жаңғыртудың қайтымсыз үрдістеріне жол ашады.

Елбасының мәтінінде жаңғыруды теориялық ұғыну және оны практикалық түрде іске асырудың түрлі дереккөздері үйлесіп келеді: еуропалық-вестернизация жолы, түркілік, араб-исламдық, шығыс және оңтүстік-шығыс азиялық түрлері. Түрлі деңгейлері – жергілікті формасынан жаһандық сипатына дейін, күнделікті қарапайымнан философиялық-символикалық, абстрактілі және метафизикалық деңгейіне дейін, рационалдыдан

иррационалдыға дейін, этностық дәрежеден космополиттік деңгейге дейін көрсетілген.

Президенттің бағдарламалық мақаласы – бұл рухы жетілген ұлттың өз бірлігін одан сайын нығайтып, оны материалды деректі түрінде іске асыра алу мақсатында зерттеу және ұйымдастырушылық тәжірибелік жұмыстарды бірдей бастауға мүмкіндік беретін қуатты ресурс болып табылады.

